

Н. А. Раупова

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Оқыту әдістемесі

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2016

ӘОЖ 373 (072)
КБЖ 74.268.51 я 71
Р 22

Раупова Н. А.
Р22 Көркем еңбек: Оқыту әдістемесі: Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған. /
Н. А. Раупова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 72 бет.

ISBN 978-601-306-601-1

ӘОЖ 373 (072)
КБЖ 74.268.51я71

ISBN 978-601-306-601-1

© Раупова Н. А., 2016
© «Атамұра», 2016

«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІНІҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ОӘК ШЕШІМІН ТАБУЫ

– Әртүрлі іс-әрекеттер арқылы білім, білік және дағдыларын дамыту.

Оқушылар оқулықта түс, сызық, пішін, композиция, материалдар мен тәсілдер туралы жаңа мәліметтермен танысады. Жұмыс дәптерінде меңгерген білімдері мен дағдылары бойынша жұмыс істейді. Тапсырмаларды орындау барысында шығармашылық қабілеттері артып, білік және дағдылары жинақталады.

– Ұлттық және әлем мәдениетімен, өнер туындыларымен таныстыру арқылы құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.

Оқулықта оқушылар әлемдік мәдениетпен сусындауға мүмкіндік алатын иллюстративтік материалдардың мол қоры бар. Сабақ материалдарымен қоса жүретін сұрақтар өнер туындыларымен тереңірек танысуға мүмкіндік береді. Сонда оқушылардың бойында туындыны түсіну мәдениеті мен талғамы қалыптасады.

– Өнер түрлері мен жанрлары туралы білімдерін пайдаланып, сыни тұрғыдан ойлауын, эстетикалық қабылдауы мен көзбен шолып байқауын дамыту үшін терминдер мен ұғымдарды меңгеру.

Оқушылар жыл бойы «портрет», «пейзаж», «натюрморт» ұғымдарымен танысып, осы жанрдағы туындыларды басқа туындылардың ішінен ажыратып үйренеді, оларды талдап, кескіндеме, графика және мүсін өнері жұмыстарын орындайды. Жиырма бестен аса негізгі терминді меңгереді.

– Байқау, тәжірибе жасау және көрсету арқылы зерттей білу дағдыларын дамыту.

Оқулық пен жұмыс дәптерлерінде байқау, тәжірибе жасап, талдауға арналған көптеген тапсырмалар бар. Мысалы, оқушылар адамның бет әлпетін зерттейді, оның ұқсастықтары мен ерекшеліктерін бақылап, пішін қалай жасалатынын, адам бетінің пішін және түспен байланысын анықтайды. Түстерді араластырып, қарапайым пішіндерден күрделі пішіндер жасау үшін тәжірибелер жасайды.

– Шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі материал және құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді меңгеру.

Оқушылар жыл бойы табиғи материалдар, бояу, балауыз борлар, полимерлі сазбалшық, ермексазды қолданып, аппликация, коллаж, оригами жасау тәсілдерін меңгереді, бедерлі және көлемді бейнелер жасауды үйренеді.

– Дұрыс көзқарастарын қалыптастырып, өзін-өзі бағалау.

Әдемілікті көріп, шығармашылық жұмыстар орындау арқылы қабілетін байқап, оларды талдап, танысады (сабақ материалы мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді) және құрдастарының жасаған жұмыстарымен танысу арқылы дұрыс көзқарас қалыптасады.

– Ұлттық және әлемдік мәдени мұраның мәнін, сонымен қатар көркем еңбектің маңызын түсіну.

Оқулықта әрдайым әлем жауһарларына шолу жасалып отырады. Оқушылар оларды мұқият қарап шығып, суретшілердің еңбектеріне қатысты сұрақтарға жауап береді, әлемдік мәдени мұралардың құндылығын түсінеді. Шығармашылық жұмыстар орындап, ең үздік жұмыстарды көрмеге қою арқылы оқушылар мен басқа да қоғам мүшелерінің арасында байланыс орнайды.

– Жұмыс жасау үшін әртүрлі қабілеттерін (табу, жинау, тандап алу) дамытуға ықпал ететін танымдық, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы әр алуан міндеттерді өз бетінше қалыптастыру.

Оқулықта да, жұмыс дәптерлерінде де әртүрлі тақырыптар бойынша тапсырмалар мен мәліметтер бар. Арнайы айдарда оқушыларға тақырып бойынша мәліметтерді кітаптардан және Интернеттен табу ұсынылады. Белгілі бір жұмыс орындағанда керекті мәліметті тандап, жинақтайды. Кейбір жұмыстарды топта бірігіп орындайды, оқушылар топтаға жұмысын жоспарлап, алған білімі мен біліктерін қолданады, одан соң жұмыстың нәтижелерін талдайды.

– Ұжымда, топта және өз бетінше жұмыс істеу барысында байқампаздықты, елестету, қиялдары мен шығармашылықтарын, қолдың сезімталдығы мен икемділігін дамыту.

Оқулық пен жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмалардың барлығы шығармашылық сипатқа ие және оқушылардың қиял, елестетулерін дамытуға бағытталған. Сурет салу мен бұйым жасауға арналған тапсырмалар қолдың икемділігі мен сезімталдығын дамытады. Бұл баланың ақыл-ой қабілетін ұштауға септігін тигізеді.

Қорытынды жұмыс ретінде оқушыларға екі ұжымдық жұмыс орындау тапсырылады, сондай-ақ оларды бәрі бірігіп таныстырады. Пәннің мақсаты оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталғандықтан, жұмыстың басым бөлігі өз бетінше орындалады.

I

ОҚУЛЫҚ – ақпараттардың негізгі қайнар көзі. Ол сабақта мұғалімге де, оқушыларға да қажет.

«Көркем еңбек» оқулығы «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерінің негізгі қағидаларын сақтап, шынайы өмірмен тікелей байланысқа бағыттап, екеуінің де мазмұнын тереңдете отырып құрылды. Оқулықта Бағдарламадағы ортақ тақырыптар бойынша жалпы материалдар, тұстану, сурет, композиция, сәндік-қолданбалы өнер, сонымен қатар көркем бұйымдар жасау тәсілдері мен жолдары қарастырылатын білім, білік және дағдылары қалыптастыруға бағытталған материалдар бар.

Бұл оқулық терең білім алуға негізделген. Оқушылар әрбір тақырып бойынша тек білім алып қана қоймай, жаңа материалды талдауды үйренеді. Ол үшін материалды мұқият түсіну керек. Мысалы, оқушыларға қандай пішіндер бар екенін айтып қана қоймай, сызық қалай жасалатынын, сызықтардан пішін пайда болатынын, қарапайым пішіндерден күрделі пішіндер құралатынын, қарапайым пішіндерден аппликация жасалатынын айтылады. «Өзім туралы» тақырыбында адамдардың бет әлпетіндегі өзгешеліктермен қатар, ұқсастықтары мен ерекшеліктері қандай және пішін мен түс адамның даралығын қалай анықтайтынын талдайды. Тақырып бойынша қойылатын сұрақтар оқушыларды ойланып, сұрақтарға өз беттерінше жауап іздеуге ынталандырады. Мұғалім жаңа материалды түсіндіргенде, оқушылардың жұмыстарын таныстыру барысында, тақырып бойынша қорытынды жасағанда да бұған ерекше мән беруі тиіс. Сонымен қатар оқулықта практикалық білік пен дағдыларға көп көңіл бөлініп, әрбір тақырып қорытынды жұмыс жасауды түсіндірумен аяқталады.

«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

«Көркем еңбек» оқулығы төмендегілерден тұрады:

1. Мәтіндерден:

- а) тақырып бойынша жалпы мәлімет;
- ә) теориялық материал;
- б) оқушыларды ойлануға жетелейтін және жауаптарды өз беттерінше іздеп, білімді меңгеруге ықпал ететін сұрақтар;
- в) тақырып бойынша қосымша мәлімет іздеуге талаптандыратын кеңестер.

2. Иллюстрациялық материалдардан:

- а) әлем жауһарларының репродукциялары;
- ә) қазақстандық әйгілі суретшілердің туындыларының репродукциялары;
- б) құрдастарының жасаған жұмыстары (бұл өз беттерінше жұмыс істеуге ынталандырады);
- в) табиғат нысандарының, сондай-ақ адамдардың, табиғат көрінісі және халқымыздың қолөнер бұйымдарының фотосуреттері;
- г) түстік және графикалық сызбалар.

3. Тақырып бойынша шығармашылық қорытынды тапсырмалар.

4. Жұмысын таныстыруға көмектесетін материалдар.

5. Білім мен білік қоржыны.

6. Терминдер сөздігі.

Оқулықтағы әрбір тақырып белгілі бір ретпен беріледі:

- 1. Тақырыпты меңгеру барысында алған білім, білік қорына шолу жасау.
- 2. Баланың тақырып бойынша ой-өрісін кеңейтетін материалды баяндау.
- 3. Қажетті теориялық мәліметтерден тұратын жаңа материалды түсіндіру.
- 4. Жаңа ұғымдар және терминдермен үш тілде танысу, материалды түсіндіру барысында жаңа терминдермен таныстыру.
- 5. Материалды тереңірек түсінуге ықпал ететін иллюстрацияларға қарап, талдау жасау.
- 6. Жаңа тақырыпты тереңірек меңгеруге және меңгерілген материал бойынша жеке пікірін білдіруге арналған сұрақтар.
- 7. Тақырып бойынша қорытынды жұмыс жасауды түсіндіру. Қажет болса жаңа материалдармен танысу.
- 8. Жұмысты таныстыру және талдау. Тақырып бойынша бақылау сұрақтары.

II

ЖҰМЫС ДӘПТЕРЛЕРІ балалармен тәжірибе сабақтар жүргізуге арналған. Тапсырмалар оқулықтың теориялық материалдарына сәйкес келеді және оны тереңірек меңгеруге бағытталған. Жұмыс дәптерлері оқулықтың тәжірибелік және логикалық жалғасы болып табылады.

Жұмыс дәптерлері балалармен бейнелеу өнері бөлімі бойынша тәжірибелі сабақ жүргізуге арналған. Ал көркем бұйымдар мен құрамақтарды материалдармен орындай-

тын болғандықтан, олар туралы тапсырмалар жұмыс дәптеріне берілмейді. Құрамақ, бұйымдар жасау үшін тапсырмалар оқулықта берілген, оларды сабақта нақты материалдармен орындайды.

Балалардың қабілетінің деңгейі мен тапсырмаларды орындау жылдамдықтары әртүрлі екені тәжірибеден белгілі. Сондықтан бір теориялық тақырыпқа деңгейі әртүрлі бірнеше тапсырмалар ұсынылып отыр. Мұғалім тапсырмаларды деңгейлері бойынша таңдап алып, оларды топтарға бөліп орындатады немесе үй тапсырмасы ретінде береді. Ерекше қабілетті балалар қосымша тапсырмаларды үйде немесе сыныпта орындап, меңгерген білім, біліктерін бекіте алады. Осылайша, баланың жеке-дара қабілеттері ескеріле отырып, әртүрлі деңгейлі тапсырмалар орындайды. Ал мұғалімде тапсырмаларды таңдау мүмкіндігі болады.

Дәптерлердегі тапсырмалар материалды бекітуге арналған қысқа жаттығу түрінде беріледі. Бұл тапсырмалар баланы тақырып бойынша қорытынды жұмысқа дайындайды, сондықтан оларды сабақта немесе үй жұмысы ретінде тапсыруға болады. Оларды елемеуге болмайды. Мұғалім бұл тапсырмалар қазақ тілі пәніндегі жаттығулар немесе математикадағы есеп шығару тәрізді маңызды екенін нақтылауы керек.

Тақырып бойынша қорытынды жұмыстарды жеке қағаз парағына орындаған дұрыс, ол әртүрлі пішім мен өлшемді таңдауға мүмкіндік береді. Сондықтан балалар мен олардың ата-аналарына А3 пішімді қағаз парағы бар папка алуды тапсыру керек.

Әрбір оқушыда қорытынды жұмыстарды салып қоятын папка болу тиіс. Сонда мұғалімге де, ата-аналарға да баланың шығармашылық өрлеуін бақылып отыру қиынға түспейді. Бала жыл бойғы жұмыстарын қарап отырып, өзінде ілгерілеу бар екеніне көзі жетеді. Жылдың соңында балалар папкадағы жұмыстарының ішінен таңдап алып, көрме немесе байқауларға қатыса алады.

Тапсырмалардың қандай материалдармен орындалу керегі тапсырманың өзінен көрініп тұр. Егер әсерлі сызықтар туралы әңгіме болса, онда қарындаш не фломастер қолданады, егер түс туралы болса, онда бояулармен жұмыс істейді. Жалпы материалды таңдауда қатып қалған ереже жоқ, мұнда мұғалім материалды өзі таңдайды немесе оқушыларға таңдауға ерік береді.

III

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ бағдарлама бойынша мақсат, міндеттерді анықтап, мұғалімге сабақ материалын түсіндіруге көмектеседі. Көрнекі материалдардан, пайдалы сайттарға сілтеме, арнайы әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Сабақ №	Тақырыбы: ӨЗІМ ТУРАЛЫ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
1	Сенің айналандағы әсемдік.	Қоршаған ортадағы алуан түрлі пішіндерді көрсету. Бейнелеу өнерінің әсерлегіш құралдарымен танысу. Эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру.	<i>Мұғалім үшін:</i> суретшінің кім екенін айтады. Оқушыларға қоршаған ортадан суретшінің еңбегін көрсетеді. Өнер туындыларындағы белгілі бір әсерлегіш құралдарды байқай білуге үйретеді. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> әсерлегіш құралдарға жататын терминдерді атап, оларды дұрыс қолданады, қолданған әсерлегіш құралдарына назар аудара отырып, өз жұмыстары туралы айтады. Оқулықтың 11–13-беттеріндегі сұрақтарға жауап берді. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> жай қағаз парағын әдемі «тәрелке» мен «жастыққа» айналдырады.	Суретші деген кім, оның еңбегі қай жерде көрінеді? Бейнелеу өнеріндегі әсерлегіш құралдардың атауы, суретшілер оларды өз еңбектерінде қалай қолданады?	Қоршаған ортадағы заттардың әдемілігін байқай білуді; суретші еңбегін айналадан көруді; оларды бағалауды; белгілі бір өнер туындыларындағы басты әсерлегіш құралдарды анықтап үйренеді.
Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақ өткізуге қажетті материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдында жұмыс. Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қыркүйектің 1-аптасы	Диаметрі 20 см-ден аспайтын дөңгелек қағаздар, қабырғалары 20 см болатын шаршы қағаздар (қағаздарды мұғалім дайындайды),	Оқулық, 4–13-беттер. Мұғалім сабаққа әртүрлі заттарды әкеледі: әдемі стакан, мұқабасы ерекше безендірілген кітап, ойыншық, ашық хаттар, бояулары бар әдемі қорап, киім бөлшектері. Сондай-ақ мұғалім қосымша иллюстрациялар	Мұғалім оқушыларға суретші мамандығы туралы әңгімелейді. Суретші әлемді қалай өзгертетінін нақты дәлелдермен көрсетеді. Мысалы, «бейнелеу өнерінің әсерлегіш құралдары» ұғымын түсіндіре отырып, ақ тәрелке мен боялған тәрелкені, ақ футболка мен түсті футболканы көрсетеді. Мұғалім әртүрлі заттарды көрсете отырып, оқушылардан суретші заттарды	Мұғалім түсіндіргеннен кейін оқушылардың бірін тақтаға шығарады. Мұғалім сабаққа дайындап әкелген кез келген затты алып, суретші онымен қалай жұмыс істегенін айтып береді. Одан әрі оқушылар суретші болып жү-	Өмір суретшілерсіз көңілсіз әрі реңсіз болар еді. Суретшінің заттар мен өнер туындыларына еңбегі сіңеді. Ол үшін алуан түрлі әсерлегіш құралдарды пайдаланады. Оқушылар әрбір туынды әсерлегіш құралдардан тұратынын

	фломас-терлер.	дайындап қою керек. Ол графикалық жұмыс, абстрактілі кескіндемелік жұмыс, өлшемдері мен пішіні әртүрлі заттар болуы мүмкін. http://deti-online.com/zagadki/zagadki-o-professijah-i-trudezagadki-prohudozhnika/ http://www.arturok.ru/kraski.htm http://www.arturok.ru/skazki.htm http://www.arturok.ru/skazki_pro_kraski.htm	қалай әшекейлегенін сұрайды (баян, қызықты пішін ойлап тапқан, әдемі түс таңдаған және т.б.). Балалармен бірге суретші еңбегінің көптеген мысалдарын табуға болады. Суретшілер кітапты әшекейлейді, мультфильм суреттерін салады, қаланы әдемі жарқағаздармен әшекейлейді, автомобильдің, киім, ыдыс-аяқтың үлгісін ойлап табады, оларға әдемі түс таңдайды және т.б.	мыс істейді, «тәрелке» (дөңгелек қағаздан жасалған) мен «жастықты» (шаршы қағаздан жасалған) өздеріне ұнайтын суреттермен безендіреді.	білуі тиіс. Шығармашылық жұмыстармен айналысу үшін бұл құралдарды меңгерулері керек.
Сабак №	Тақырыбы: ӨЗІМ ТУРАЛЫ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
2	Адамның бет әлпеті.	Әлемді суретшілердің көзімен көре білу, адамдардың бет әлпеттеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Байқампаздық пен шынайы қабылдай білуді дамыту.	<i>Мұғалім үшін:</i> адамның бет әлпетін талдап, оның ортақ және жеке белгілерін анықтауға; өзін басқа адамдармен салыстыруға үйрету. Адамның әртүрлі эмоционалдық жай-күйін байқап, анықтауға үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> адамның портретін оның ортақ және жеке қасиеттерін көрсете отырып ауызша құрастыру. Оқулықтың 15-бетіндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> бет әлпеті әртүрлі екі адамның портретін салу.	Адам келбетінің жалпы және өзіне тән ерекшеліктерін; адам келбетінің ерекшелігі неде екенін; адамның бет әлпеті оның көңіл күйіне қарай өзгеретінін білулері керек.	Өзінің және адамдардың бет әлпетіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерін байқауды; адамның бет әлпетіне қарап оның көңіл күйін анықтап үйренулері керек.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдындағы жұмыс. Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қыр-күйектің 2-аптасы	Ватман қағазының екі парағы, жуан фломастерлер немесе түсті балауыз борлар.	<p>Оқулық, 14–15-беттер. Әр дәуірдегі және елдегі әйгілі суретшілердің портреттері. Әртүрлі эмоционалды көңіл кұйді көрсететін әсерлі фотосуреттер мен балалар жұмыстары.</p> <p>http://www.art-urok.ru/portret.htm</p> <p>http://www.art-urok.ru/flomaster5.htm</p> <p>http://ppt4web.ru/mkhk/portret1.html</p>	<p>Бұл сабақтың бірінші бөлімін зерттеу сабағы ретінде өткізу керек.</p> <p>Мұғалім балаларға бүгін зерттеуші болатындығын айтады. Одан кейін балалар бір-бірінің бет әлпеттеріндегі ұқсастықтарды атап шығады.</p> <p>Балаларға ұлты әртүрлі және түрлі жастағы адамдар портреттерінің репродукциялары мен фотосуреттерін көрсетіңіз. Олар ұлты мен жасының ерекшеліктеріне қарамастан адамдардың бет әлпеттерінде ұқсастықтар көп екеніне көз жеткізіп, қорытынды жасасын. Одан әрі адамдардың бет әлпетіндегі өзгешеліктер туралы сұраққа тоқталу керек.</p> <p>Мұнда балаларға ой салады: «Егер адамдардың ұқсастықтары көп болса, онда олар бәрі бір-біріне ұқсауы керек, солай емес пе?» Балалар асықпай, ойланып жауап берсін.</p> <p>Дұрыс жауапты естігеннен кейін, адамдар бір-біріне неліктен ұқсамайтынын айтуды тапсырыңыз. Балалар жауап беруге қиналса, оқулықтағы фотосуреттер мен репродукцияларды қарап шығуды ұсыныңыз. Оқулықта дұрыс қорытынды жасауға жеткілікті суреттер берілген. Одан әрі әртүрлі көңіл кұйді білдіретін адам бет әлпетін қарап шығады.</p>	<p>Тақтаға екі ватман парағын іліп, 5–6 баладан тұратын екі топты шақырып, екі түрлі портрет салуды тапсырады.</p> <p>Тапсырманы нақты беруге де болады.</p> <p>Мысалы, дөңгелек жүзді, көзі үлкен, шашы бұйра, таңқы мұрынды бала және осыған мүлде ұқсамайтын, яғни беті қушиған, көңілсіз, көзі қысық, мұрны ұзын, шашы тік егде адамның суретін салады.</p>	<p>Балалар ұқсастықтарына қарамастан әрбір адам ерекше және ешкімге ұқсамайтынын меңгерулері тиіс. Бет әлпеттерінің әртүрлілігінің арқасында адамдар бір-бірінен дараланады.</p>

			Балаларға №1 дәптердің 6-бетіндегі тапсырманы ауызша орындауды тапсырыңыз. Бірнеше баланы тактаға шығарып, әртүрлі көңіл күйдегі адамды кезектесіп көрсетуді сұраныз (көңілді, таңырқаған, ашулы). Оқушылар бір адамның бет әлпеті оның көңіл күйіне қарай өзгереді деген қорытынды шығаруы тиіс.		
Сабақ №	Тақырыбы: ӨЗІМ ТУРАЛЫ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білудері керек	Негізгі үйренулері керек
3	Нүкте, сызық және пішін. Адам бет әлпетіндегі пішін мен түстің маңызы.	Көру арқылы есте сақтау қабілеті мен байқампаздығын, түрлі пішіндер мен түстік қатынастарды талдау білігін дамыту және оларды адамның бет әлпетімен салыстыру.	<i>Мұғалім үшін:</i> негізгі пішіндер – үшбұрыш, дөңгелек, сопақша және тік төртбұрышпен таныстыру. Бет пішіні мен әлпетін белгілі бір пішіндермен салыстыруды үйрету. Адамның бет әлпетіндегі түстік қатынастардың көптігін көрсету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> адамның бет әлпетін оның жүзінің пішіні мен түстік қатынасына қарай сипаттай отырып суреттеу. Оқулықтың 18–19-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> №1 жұмыс дәптерінің 7–9-беттеріндегі тапсырмаларды орындау.	Негізгі пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш, сопақша және тік төртбұрыш) қандай және олар қалай аталатынын; адамның бет пішіні қандай және қандай түстік ерекшеліктері болатынын біледі.	Түрлі пішіндер туралы меңгергендерін портрет жасау барысында пайдалануды; адамның бет, көз, шашының түсінің ерекшеліктерін анықтауды; білімдерін іс жүзінде қолдануды үйренеді.
Күнтізбелік уақыты	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қыркүйектің 3-аптасы	Түсті фломастерлер немесе түсті қарын-	Оқулық, 16–19-беттер. №1 дәптерінің 6–9-беттері. Әр дәуірдегі және	Бұл сабақта мұғалім балаларды «пішін» ұғымымен және оның түрлерімен таныстыру керек. Одан кейін түске назар	№ 1 жұмыс дәптерінің 6–9-беттеріндегі тапсырмаларды орын-	Оқушылар пішінмен танысып, оның қандай болатынын

	даштар, түрлі түсті балауыз борлар, № 1 жұмыс дәптері.	елдегі әйгілі суретшілердің түрлі бет әлпеттер мен түстік сипаттарды бейнелеген портрет жұмыстары. http://www.art-urok.ru/kak_tochka_so_zvukom_razgovarivala.htm http://www.art-urok.ru/v_carstve_linii.htm https://www.babyblog.ru/community/post/ranee_razvitie/1707979	аударып, оқушыларға адамдардың тері, көз, шашының түсі әртүрлі болатынын айтып береді. Мұғалім түрлі нәсілдегі адамдардың ерекшеліктері туралы мәліметтермен толықтыра алады. Әйгілі суретшілердің портреттерінің репродукциялары мен фотосуреттерін қоса көрсеткені дұрыс. Әр алуан портреттерді қарап шығып, оқушылармен бірге портреттегі адамдардың бет әлпеттері, тері түстері қандай және т.б. анықтау керек. Бет әлпеттері мен түсті гаммасы айшықты портреттерді таңдаңыз. Оқулықтың 18–19-беттеріндегі иллюстрацияларды пайдаланып, оларды талдау керек. Оқушылар адам бет әлпеті көптеген параметрлер бойынша ерекшеленетінін, соның ішінде пішін басты параметрлердің бірі болып саналатынын түсінулері тиіс.	дайды. Мұғалім тапсырманы түсіндіре отырып, бұл алдағы уақытта қызықты портрет жасау үшін қазірше қысқа жаттығу екенін анықтап айтды. Бұл тапсырманың басты мақсаты – баланың бойында адамның барлығы ерекше екенін және пішін мен түсті түсіну сезімін дамытуға бағытталған.	білді, нақты пішіндерді адамдардың бет пішінімен салыстыруды үйренді. Пішін мен түс адамның бет әлпетін сипаттауға болатын басты элементтер екенін түсінді.
Сабақ №	Тақырыбы: ӨЗІМ ТУРАЛЫ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
4	Портрет. Автопортрет салу.	«Портрет» және «автопортрет» ұғымдарымен танысу. Өткен сабақта автопортрет салу бойынша меңгерген білімдерін бекіту.	<i>Мұғалім үшін:</i> өнер туындыларының ішінен портреттерді тануды үйрету. Бұл жанрдың анықтамасын білу. Көркемдік мақсатқа жету үшін белгілі бір әсерлегіш құралдарды пайдалануды үйрету. <i>Оқушыларға қойылатын міндеттер.</i> «Портрет» және «автопортрет» ұғымдарын түсіндіре білу. Өз автопортретін жасау идеясын түсіндіре білу. Оқулықтың 24-бетіндегі	Портрет және автопортрет деген не екенін; портрет және автопортрет жасау үшін қандай әсерлегіш құралдар қолданатынын; портретті қандай тәсілмен жасауға болатынын білулері керек.	Өз бет әлпеттерін талдауды; бет әлпетінің пішіні мен түстік қатынасын анықтауды; тапсырмаға сәйкес белгілі бір әсерлегіш құралдарды пайдалануды; сазбалшықты пайдалануды – жаңа түс шығару үшін

			сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> алған білімдері мен біліктеріне сүйеніп, полимерлі сазбалшықтан автопортрет жасау.		алуан түстерді араластырып, әртүрлі пішіндерді мүсіндеуді, бөлшектерді біріктіріп, белгілі бір бейнені жасауды үйренулері керек.
Күнтізбелік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қыркүйектің 4-аптасы	Түрлі түсті қатырма қағаз. Түсті полимерлі сазбалшық. Ол болмаса, түсті ермексазбен алмастыруға болады. Қол сұртетін орамал.	Оқулық, 20–21-беттер. Әр дәуірдегі және елдегі әйгілі суретшілердің әртүрлі эмоционалды мазмұнда әсерлі түсті гамма мен сызықтарды пайдаланып жасаған портреттік жұмыстары. http://festival.1september.ru/articles/653155/ http://www.deti-club.ru/material-na-konkurs-risunkov-detskijj-avtoportret http://www.muzeinie-golovolomki.ru/gallery/self-portrait.php# http://parents-tale.ru/tradicii/detskije-obrazy-v-russkoi-givopisi/	Мұғалім сабақтың басында оқушыларды «портрет» және «автопортрет» ұғымдарымен таныстырады. Оқушылардың назарын портреттер алуан түрлі болатынына аударады, яғни олар әртүрлі материалдардан жасалады, суретші ұқсастық бергісі келеді, тіпті бейнелеп жатқан адамы туралы өз әсерін жеткізгісі келуі мүмкін. Портрет арқылы адамның алуан түрлі көңіл күйін беруге болады. Мұғалімнің таңдауы бойынша оқушылармен бірге бірнеше портрет түрі талданады. Одан кейін оқушылар автопортрет жасайды. Оқушылар алдын ала автопортрет салу бойынша өз ойларын ортаға салады. Мұғалім полимерлі сазбалшықтан портрет қалай жасалатынын түсіндіріп, көрсетеді. Сондай-ақ мүсіндеу тәсілдері мен жаңа түстерді шығару жолдарын түсіндіреді. Оқушылар оқулықтың 22–23-беттеріндегі иллюстрацияларды қарап шықсын.	Жұмыс орындалатын қағаз пішімі А3 парақ өлшемінен аспау керек. Егер өлшемі кішірек болса тіпті жақсы. Балаларға бейнені дәл ортаға орналастыру кергін түсіндіріңіз. Композиция туралы сабақ әлі алда болғандықтан, балаларды қазірше дұрыс орналастыруға бағыттау керек. Алдымен ең ірі бөлшектерін – беті, мойны мен денесінің бір бөлігін мүсіндейді. Ол үшін керекті түс таңдалады. Сазбалшықты бір-келкі түс шыққанша араластыру керек. Ірі бөлшектері жабыстырылғаннан кейін ұсақ бөлшектеріне кірісу керек.	Оқушылар автопортретті бірінші рет жасап отырған шығар. Жаңа материалдармен және жаңа тәсілмен танысты. Жаңа терминдерді үш тілде білді.

				Олар: көз, мұрын, құлақ, ауыз. Балалардың назарын полимерлі сазбалшық тез кебетініне, кепкеннен кейін пішінін өзгерту қиын болатынын, сол үшін жылдам жұмыс істеп, сазбалшық салынған пакеттерді мықтап жабу керектігіне аударыңыз. Балаларға барлық бөлшектердің мүсіндеу тәсілдерін көрсетіңіз.	
Сабақ №	Тақырыбы	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
5	Жұмысты қорғау және талдау. «Өзім туралы» тақырыбын қорытындылау.	Талдай білу қабілеттерін, ерекшеліктеріне назар аудара отырып, туындыны түсіне білуді дамыту.	<i>Мұғалім үшін:</i> жұмысын таныстыра білуді үйрету: идеясы, жасалу ерекшелігі туралы айтып беру. Өзінің және достарының жұмысын талдауды үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> ойын түсіндіре білу, терминдерді пайдаланып, өзінің және достарының жұмыстарын талдау. Оқулықтың 24–25-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. Терминді үш тілде білу. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> жұмысын таныстыру.		Өзінің және достарының жұмысын талдауды, жұмыстарындағы жетістіктерді көрсетіп, кемшіліктерін табууды, сондай-ақ оларды түзету жолдарын; берілген сұрақтарға жауап беріп, достарына олардың жұмыстары бойынша сұрақ қоюды үйренулері керек.

Күнгіз- белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материал- дар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет- ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдындағы жұмыс. Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қазан- ның 1-апта- сы		Оқулық, 24–25-беттер. Балалар салған автопортрет- тер. Әйгілі суретшілердің портреттері.	Мұғалім сабақтың басын- да оқушыларға жұмысын қалай көрсетуді және оны қалай талдауды түсіндіреді. Қай жерге ұзақ тоқталу керектігін нақтылайды.	Оқушылар өз жұмыстарын көрсете оты- рып, жеткізейін деген ойла- рын айтады, жұмысының нәтижесін бағалайды, оқулықтағы және мұғалім мен оқушылардың сұрақтарына жауап береді.	Оқушылар та- қырып бойын- ша білгендері мен үйренген- дерін қорытын- дылайды. Олар- дың білім мен білік қоржыны толықты. Олар тек алғашқы автопортретте- рін салып қой- май, оларды сыншылар сияқты талдап үйренді.
Сабақ №	Тақы- рыбы: МЕНІҢ МЕК- ТЕБІМ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
6	Сызық- тар, әріптер және сан- дар.	Қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабыл- дауды дамыту.	<i>Мұғалім үшін:</i> қоршаған ортадағы, суретшілер туындыларындағы сызық- тар мен пішіндердің әртүр- лілігін көріп, қабылдау және жұмыстарында пай- далана білу. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> негізгі пішіндерді атап, сипаттауды үйрену (төртбұрыш, шеңбер, үшбұрыш), осыған ұқсас заттарды атау, әртүрлі сызықтарды сипаттау, оларға сәйкес анықтама беру. Оқулықтың 28–31-бет- теріндегі сұрақтарға жа- уап береді. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> Бірнеше әріп пен санды әдемілеп жазу.	Бізді қоршаған әлем әртүрлі сызықтар мен пішіндерден тұратынын; әріптер мен сан- дар да сурет, оларды да әде- мілеп жазып, салуға болаты- нын; күрделі заттар қара- пайым пішінді заттардан тұра- тынын біледі.	Міндеттерге сәйкес әсерлі сызықтар мен пішіндерді қолдануды; сызықтар мен пішіндерді қоршаған ор- тада кездесетін нақты заттар- мен салысты- руды үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қазанның 2-аптасы	№1 жұмыс дәптері. Түсті қарындаштар, фломастерлер, балауыз борлар.	<p>Оқулық, 28–31-беттер. Әртүрлі қаріптердің кестелері. Кітап мұқабаларындағы, ашық хат, жарқағаздардағы әдемі қаріптер. Әртүрлі пішіндер бейнеленген кестелер, пішіні дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрышқа ұқсас заттардың фотосуреттері.</p> <p>http://www.razumni.ru/stihi_pro_bukvy.html</p> <p>http://allforchildren.ru/poetry/index_alphabet.php</p> <p>http://www.art-urok.ru/magicheskie_figuryi.htm</p> <p>http://razvivashka33.ru/index/uchim_bukvy_i_cifry/0-55</p> <p>http://festival.1september.ru/articles/622221/</p>	<p>Сабақтың басында қандай сызықтар болатынын еске түсіреді. Мұғалім тақтаға тік, көлбеу және дөңгелектенген сызықтарды жүргізіп, оқушылардан мұндай сызықтар қай жерде пайдаланатынын сұрайды. Егер оқушылар жылдам жауап бере алмаса, мұғалім оқулықтың 28–29-беттерін қарап шығып, 28-беттегі сұрақтарға жауап беруді тапсырады. Одан әрі оқулықтағы материалды пайдаланып, әріптер мен сандар туралы тақпақтарды түсіндіреді (жұмыс дәптері). Одан соң балалар №1 жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды (10–13-б). Тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқулықтың 30–31-беттеріндегі материалдарды түсіндіреді. Оқушылар қарапайым пішіндерді қарап шығып, қоршаған ортадан оларға ұқсас заттарды тапқаннан кейін мұғалім оқушыларға біршама күрделі пішіндерді көрсетеді. Мысалы, адамды. Адамды белгілі бір пішінді, яғни дөңгелек не төртбұрыш пішінді деп айтуға бола ма деген сұрақ қояды. Мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін адамның бет пішіні қандай болатынын зерттеуді тапсырады. Адамның басын дөңгелекпен салыстыруға бола ма? Ал денесін төртбұрыш-</p>	<p>Одан әрі балаларға №1 жұмыс дәптерінің 10–13-беттеріндегі тапсырманы орындау тапсырылады. Мұғалім әсерлегіш құралдарды есте сақтай отырып әріптер мен сандарды салу керектігін нақтылап айтуы керек. Дәптердегі тапсырмадағы әріптер мен сандарды жазғаннан кейін пішіндерді зерттейді. Одан соң №1 жұмыс дәптерінің 14–17-беттеріндегі тапсырмаларды таңдаулары бойынша орындайды (қалғандарын үйде орындай алады). Үй тапсырмасы ретінде кітапқа арналған бетбелгіні атааналарының көмегімен орындайды.</p>	<p>Оқушылар айналамыздағы сызықтар мен пішіндер туралы білді. Кейбір пішіндердің атауын үйренді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш). Көптеген заттар белгілі бір пішінге ұқсайтынын, күрделі пішіндер қарапайым пішіндерден тұратынын білді. Келесі сабаққа дайындалды.</p>

			пен? Аяқ-қолын үшбұрышпен? Адамның денесін талдау үшін оқушылардың бірін тақтаға шығарып, оған қарап дене мүшелері қандай пішіндерге ұқсайтынын көрсетуге болады.		
Сабак №	Тақырыбы: МЕНІҢ МЕКТЕБІМ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
7–8	Табиғи материалдарды жинаймыз. Апликация жасау (ұжымдық жұмыс). Жұмысты талдау және бағалау.	Апликация тәсілімен танысу. Шығармашылық жұмыс істеу үшін өткен сабақта алған білімдерін жинақтау. Туындыны талдап, зерттей білу қабілетін дамыту.	<i>Мұғалім үшін:</i> оқушыларды әртүрлі табиғи материалдармен таныстыру. Табиғи материалдарды қалай дайындап, кептіру керек екенін айтады. Әртүрлі пішіндерді қолданып, апликация құрастыру. Жұмыс істеу барысында жұмыстың реттілігін анықтауды үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> идеясы, жасалу ерекшелігі туралы айтып беру. Өзінің және достарының жұмыстарын талдай білуді үйрену. Оқулықтың 40-бетіндегі сұрақтарға жауап беру. Тақырып бойынша терминді үш тілде білу. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> табиғи материалдарды жинап, дайындау. «Менің мектебім» тақырыбы бойынша ұжымдық апликация жасау.	Әртүрлі табиғи материалдарды және оларды көркем еңбек сабағында пайдалануды; түсті қағаздан апликация жасау тәсілдерін; қауіпсіздік ережелерін сақтауды білулері керек.	Табиғи материалдарды дайындап, жұмыс істеуге пайдалануды; апликация тәсілдерін: бөлшектерді қию, орналастыру және желімдеуді, жұмыс істеу барысында міндеттердің реттілігін анықтауды, қауіпсіздік ережесін сақтауды; өзінің және достарының жұмыстарын талдауды; жетістіктерін көрсете білу және кемшіліктерін түзетуді; қойылған сұрақтарға жауап беріп, достарына олардың жұмыстарына қатысты сұрақтар қоюды үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қазанның 3, 4-аптасы	Түсті қағаз, қайшы, желім, фломастерлер, қол сүрте-тін орамал.	<p>Оқулық, 34–41-беттер.</p> <p>http://tobemum.ru/deti/chemzanyat/applikacii-dlya-malenkikh/</p> <p>http://www.chudopredki.ru/6459-applikaciya-iz-bumagi.html</p> <p>http://allforchildren.ru/artenc/art-a006.php</p>	<p>Сабақты балалармен бірге саябақта немесе мектептің айналасында өткізген дұрыс. Кез келген саяхат түрі жаңа нәрсені үйреніп, білуге болатынымен құнды. Жақын жердегі саябаққа барып та көптеген жаңа әрі қызықты нәрселер білуге болады. Алайда бір ережені есте сақтау керек, яғни байқампаз болып, барлық нәрсеге суретшінің көзімен қарау қажет. Сонда әрбір жапырақ пен бір тал шөп те сендердің көмекшілеріңе айналады. Біз жұмыс істеуге қажет болатын табиғи материалдарды іздейміз. Алдымен табиғи және жасанды материалдар дегеніміз не, олар бір-бірінен несімен ерекшеленетінін білуіміз қажет. Балалар осы сұрақтарға жауап іздеп көрсін. Балалар саяхат барысында әртүрлі шөптер мен бұтақтарды, жапырақ, тастарды жинайды. Табиғи материалдардың қасиеттері туралы сөйлескен дұрыс. Кейбір табиғи материалдар өте нәзік, кептірген кезде сынып кетеді. Енді біреулері қатты әрі ауыр. Табиғи материалдармен жұмыс істемес бұрын жасайтын жұмысыңа қандай материал қажет болатынын ойлану керек.</p> <p>Экскурсиядан кейін сыныпқа келіп, балаларға жапырақтар мен шөптерді келесі сабаққа қалай</p>	<p>Оқушылар табиғи материалдарды пайдаланып тапсырманы орындайды. Одан кейін 5–6 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Әр топ нәні бейнелейтінін шешіп, атқаратын міндеттерін бөліп алады. Қағаз парағының бетіне бөлшектерді жайып қояды, егер олар жеткіліксіз болса, қосымша бөлшектерді қию керек. Одан кейін бөлшектерді желімдеуге көшеді. Алдымен басты бөлшектер, одан кейін ұсақтары желімделеді. Өз жұмысына мұқият қарап, қажет болса сызықтық суреттермен толықтырады. Ағаштарды бұтақ, жапырақтармен, шатырын жабынқышпен және т.б. толықтыра алады. Бұл аса</p>	<p>Оқушылар тақырып бойынша білгендері мен үйренгендерін қорытындылайды. Олардың білім мен білік қоржыны толықты. Жаңа термин сөзді үш тілде үйренді. Балалар тек алғашқы аппликацияларын жасап қоймай, оларды сыншы ретінде талдады.</p>

			дайындап қою керегін айтады. Одан әрі мұғалім балаларға аппликация дегеніміз не, ол қалай жасалатынын, аппликацияда қарапайым пішіндер бірігіп күрделірек пішінге айналатынын түсіндіреді. Материалды түсіндіру үшін оқулықтың 36–37, 39-беттеріндегі иллюстрацияларды қолдануға болады. Аппликация арқылы нені бейнелеуге болатынын (мектептің сырты, спортзал, сынып бөлмелері, өздері оқитын мектеп не арманындағы мектеп) талдайды. Одан әрі аппликацияны қандай өлшемді қағаз парағына (А3-тен үлкен емес) және түсі қандай болатынын ойланады. Түстік шешемі мен жұмыстың көңіл күйін, қандай пішіндерді қолданатынын талқылайды.	маңызды емес, тек оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін арттырады. Жұмысты аяқтаннан кейін оларды сәйкес түсті қатырма қағаз парағына желімдейді.	
Сабақ №	Тақырыбы: МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
9	Отбасың мен достарың	Отбасы және достарын басты құндылық ретінде таныстыруды қалыптастыру.	<i>Мұғалім үшін:</i> отбасы мен достарының маңызын түсінуді, сүйіспеншілік пен бір-бірін сыйлау негізінде өзара қатынас орнатуды үйрету. Білім алу мен өмір сүрудің арасында тығыз байланыс жасау. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> отбасы мүшелерін атайды, өз отбасылары туралы әңгіме құрайды. Оқулықтың 44–45-бет-	Отбасы кімдерден тұратынын; отбасы мүшелері мен туыстардың атауын; отбасында қарым-қатынас қандай болу керектігін білулері керек.	Отбасы мүшелері мен жақын туыстарды анықтауды; отбасындағы өзара қарым-қатынасты, отбасылық дәстүрлерді бағалап, оларды сақтауды, отбасының үлгілі жақтарына баса на-

			теріндегі сұрақтарға жауап береді. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> 46–47-беттердегі екі отбасылық портретті (не мұғалімнің таңдауы бойынша) салыстырады.		зар аударып отырып, әңгімелей білуді үйренулері керек.
Күнтізбелік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қарашаның 2-аптасы		<p>Оқулық, 44–47-беттер. Балалар үйден әкелуі тиіс отбасылық фотоальбомдар (алдын ала ескерту керек). Балалар жұмыстары, түсті журналдардағы фотосуреттер.</p> <p>http://semiaikultura.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=7&Itemid=33</p> <p>http://papinsait.ru/sbornik-stikhov-o-seme</p> <p>http://www.huffingtonpost.co.uk/2012/10/01/painted-family-portraits_n_1929213.html</p>	<p>Мұғалім балалармен бірге «Отбасы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздейді. Жауаптар әртүрлі болуы мүмкін. Балалар отбасы мүшелерін атап шығуы мүмкін. Бір-бірін жақсы көріп, бір-біріне көмектесетін адамдар отбасы деп аталады деген жауап естуіңіз де мүмкін. Отбасы дегеніміз – туған туысқандардың ұжымы деуі де ықтимал. Бұл жауаптардың бәрі де дұрыс. Ең бастысы, балалар отбасы дегеніміз не екені туралы ойланып, түсінулері керек. Бұл жастағы балалардан нақты жауап күтудің қажеті жоқ. Мұғалім оқушылардың отбасы қандай болу керек деген сұраққа пікірлерін өзі де толықтыра алады. Қазақ халқына тән үлкен отбасылар, көп балалы аналар туралы айтып беріңіз. Оқушылардан олардың ойынша отбасын не біріктіретінін, ата-аналарының мамандықтары туралы сұраңыз. Отбасы туралы қызықты тақпақтар әзірлеңіз. Түсіндіргеннен кейін мұғалім әйгілі суретшілердің портреттерін көрсетеді.</p>	<p>Балалар сабақта шежіре жасаулары керек (ата-аналарымен алдын ала дайындалады). Ол үшін А3 өлшемді қағаз парағына түсті фломастерлермен ағаштың суретін салады. Мұғалім тақтаға ағаштың жеңіл түрін салып көрсетеді. Бос дөңгелектердің ішіне балалар өздерінің немесе ата-әжелерінің, жоғарыға ата-аналарының, одан жоғары аға-әпке, іні-қарындастарының суретін орналастырады. Ағашты қалауларына толықтырады.</p>	<p>Оқушылар адам үшін отбасының қаншалықты маңызды екенін; бір-бірін бағалап, көмектесу қажеттігін түсінеді; отбасы – адам өміріндегі ең басты құндылықтардың бірі екені туралы ойланады.</p>

Сабақ №	Тақырыбы: МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
10	Композиция. Бейненің өлшеммен қатынасы.	Композицияны ойлана отырып құруды дамыту.	<p><i>Мұғалім үшін:</i> «композиция», «өлшем» ұғымдарымен таныстыру. Өз композициясына керек өлшемді қағаз парағын таңдауды үйрету.</p> <p><i>Оқушылардың міндеттері:</i> жаңа терминді атау. Бейненің таңдап алынған қағаз парағына тәуелділігін түсіндіре білу. Оқулықтың 49-бетіндегі сұрақтарға жауап беру.</p> <p><i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> композицияны әсерлі көрсету үшін белгілі бір өлшемді қағаз парағын қолданып үйрену.</p>	Суретшілер нені композиция деп атайтынын; композицияға қағаз парағы өлшемін қалай таңдау керегін; қағаз өлшемі бейнеге қалай әсер ететінін білулері керек.	Қарапайым композиция құруды; оған қандай қағаз парағы керегін ойлануды; бейнені таңдап алынған қағаз парағына сәйкес орналас-тыруды үйрену-лері керек.
Күнтіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қарашаның 3-аптасы	№1 жұмыс дәптері. Түсті қарындаштар, фломастерлер, балауыз борлар.	<p>Оқулық, 48–49-беттер. Өлшем басты рөл атқаратын суретшілер шығармаларының репродукциялары.</p> <p>http://art-assorty.ru/9138-istoriya-semeynogo-portreta.html</p>	Мұғалім сабақтың басында балаларға сурет неден басталатыны туралы ойлануды тапсырады. Оқушылардың жауаптарын тыңдағаннан кейін мұғалім кез келген сурет пен туынды суретшінің өз жұмысы туралы алдын ала ойлануынан басталатынын түсіндіреді. Ол өлшемі үлкен не кіші болатыны туралы ойланады. Ойына сәйкес керек өлшемді қағаз парағы мен кенепті таңдайды. Өйткені	Иллюстрацияларды талдап болғаннан соң, балалар № 1 жұмыс дәптерінің 18–19-беттеріндегі тапсырмаларды орындайды.	Сабақтың соңында жұмыстарды талқылып, композицияда ұсақ нәрсе болмайтыны туралы қорытынды шығарады. Сурет салуды бастағанда әрқашан жұмысқа қандай өлшемді қағаз парағы керек екенін ойлану қажет.

			жұмыстың әсерлі шығуы осы материалдардың сәтті тандалуына байланысты. Одан әрі мұғалім композицияның әсерлі шығуына өлшем маңызды рөл атқаратынына көз жеткізу үшін оқулықтың 48–49-беттеріндегі иллюстрацияларды қарап шығуды ұсынады. Балалар 49-беттегі сұрақтарға жауап береді.		
Сабақ №	Тақырыбы: МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
11–12	«Менің отбасым» композициясын жасау.	Отбасы және достарын басты құндылық ретінде таныстыруды қалыптастыру. «Менің отбасым» композициясын еркін тәсілмен жасау. http://www.newart.ru/tags.php?id=62	<i>Мұғалім үшін:</i> білім алу мен өмір сүрудің арасында тығыз байланыс орнату. Қағаз парағын ескере отырып, композициялық шешім туралы ойлануды үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> жұмысының идеясы, қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланғанын, нені үйреніп, білгендері туралы айта отырып, жұмысын таныстырады. Оқулықтың 52–53-бетіндегі сұрақтарға жауап береді. Тақырып бойынша терминді үш тілде білу. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> ерекше композиция құрап, оны таныстыру.	Композицияға қағаз парағы өлшемін қалай дұрыс таңдау керегін; таңдап алған қағаз өлшеміне сәйкес қалай композиция құруды біледі.	Бейне мен өлшемнің байланысын сезінуді; композиция арқылы бейнелеу өнерінің әсерлегіш құралдарын пайдаланып, ойы мен сезімін жеткізуді үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қарашаның 4-аптасы. Желтоқсанның 1-аптасы	А3 қағаз парағынан үлкен болмайтын қағаз парағы. Түсті қарындаштар, фломастерлер, балауыз борлар, түсті қағаз, қайшы, желім.	Оқулық, 50–51-беттер. Балалар үйден әкелуі тиіс отбасылық фотоальбомдар (алдын ала ескерту керек). Балалар жұмыстары, түсті журналдардағы фотосуреттер, суретшілердің отбасылық портреттері.	Балалармен бірге алда жасайтын композицияларын талдаңыз: кімді бейнелегісі келеді, қандай іспен шұғылданып тұр, қандай материалдармен жұмыс істейді, қандай қағаз парағына бейнелейді. Олар композиция жасау үшін нені білулері керектігін еске түсірсін (портрет, түстердің әсерлілігі, сызық, пішін, белгілі бір өлшемді қағаз парағы).	Алдымен балалар жұмыстарын ойша елестетеді, сәйкес қағаз парағын таңдайды. 50-беттегі сұрақтарға жауап беруді тапсырыңыз. Содан кейін ғана іске кіріседі. Өздік жұмыс жасау барысында мұғалім оқушыларға жеке-жеке кеңес береді, қажет жерлерін түзетіп, ынталандырады.	Оқушылар осы тақырыппен танысу арқылы біліп, үйренгендерін қорытындылайды. Олардың білім мен білік қоржыны толықты. Олар тек кезекті жұмысты орындап қойған жоқ, сонымен қатар сыншылар сияқты талқылады.
Сабақ №	Тақырыбы: БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
13	Сенің айналаңдағы түстер. Негізгі және құрама түстер.	Қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабылдауды қалыптастыру.	<i>Мұғалім үшін:</i> білім алу мен өмір сүрудің арасында тығыз байланыс орнатады. Айналадағы әр алуан түстерді көре білуге үйретеді. Түстер шеңберіндегі түс атауларымен таныстырады. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> негізгі және құрама түстерді атап, қоршаған әлемдегі түстерді танып білу. Оқулықтың 56–57-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру.	Кемпіркөсақтағы түстердің атауы мен орналасуын; олардың белгілі бір заттармен ұқсастығын біледі.	Түстерді танып, дұрыс атауды; айналадағы түстердің әртүрлілігін байқап, жұмыста қолдануды үйренеді.

			<i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> палитрада құрама түстерді шығару, түспен жұмыс істегенде алуан түстерді қолдану.		
Күнтіз- белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материал- дар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет- ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдында жұмыс. Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Жел- тоқ- санның 2-апта- сы	№1 жұмыс дәптері. Акварель және гуашь бояулары, сурет салуға арналған өлшемі эртүрлі қылқалам жиын- тығы, су құятын ыдыс, палитра, сүртетін орамал.	Оқулық, 56–59-беттер. Оқулықтағы иллюстрация- лар, қоршаған ортадағы түстер айқын көрінетін фотосуреттер альбомы. http://relaxic.net/ world-around-us/ http://www. razumniki.ru/ cvetodelenie.html http://pihta- art.ru/jivopis/ risuem-guashyu/ uchimsya- smeshivat-cveta. html	Сабақтың басында мұ- ғалім оқушыларға қан- дай түстерді білетінін еске түсіруді тапсырады. Одан әрі балалар айналадағы заттарды түстері бойынша жіктейді: қызанақ, шие, кұлпынай, қарбыздың іші, қызғалдақ, көкнәр және т.б. қызыл түсті. Апельсин, мандарин, сәбіз, алау және т.б. қызғылт сары түсті. Күнбағыс, бақбақ, ба- лапан, Күн сары түсті. Шөп, жаздағы ағаш түсі, қияр, қарбыздың сырты, шегіртке және т.б. жасыл түсті. Осылайша түстер шеңберіндегі түстердің бәрін атап шығады. Оқушылар бізді қоршаған әлем түрлі түсті, әрбір заттың өзіне тән түсі бар деген қорытынды шығаруы керек. Одан әрі мұғалім суретші туындыларында түстер- дің алуан түрін шығару үшін бар болғаны үш түсті қолдана алатынын айтады. Оқулықтың 58–59-беттеріне сүйене отырып түсіндіреді. Мұғалім тақтаға негізгі түстерден құрама түстер- дің алу жолдарын кесте түрінде көрсетеді. Балалар оны жақсы есте сақтауы	Кесте құру ба- рысында мұға- лім тақтаға ба- лаларды шыға- рады, олар па- литрада екі не- гізгі түсті аралас- тырып, құрама түс шығарады. Одан соң №1 жұмыс дәпте- рінің 22–23- беттеріндегі тапсырмаларды орындайды. Балаларға тапсырманы орындау үшін тек үш бояу- ды қалдырып, басқаларын пайдаланбау- ды тапсыры- ңыз. Бояуларды палитрада араластыру қажеттігін түсіндіріңіз. Қылқаламды, су мен пали- траны қалай пайдалану керекін тағы бір рет көрсетіңіз. Үй тапсыр- масы: №1 жұмыс дәптері, 24–25-беттер.	Балаларға негізгі және құрама түс- терді айтуды тапсырыңыз. Ол үшін кар- точкаларды қолдануға болады. Сіз балаларға қызғылт сары карточканы көрсеткенде, олар қызыл және сары кар- точкалар- ды көрсетулері керек. Сіз сары және көк түсті карточкалар- ды көрсетесіз, олар жасыл түсті көрсетеді, т. т.

			тиіс. Білімдерін тексеру үшін мұғалім негізгі және құрама түстердің карточкасын әзірлеп, бірнеше сабақ барысында 2–3 минуттық сергіту сәтін өткізеді. Балалар құрама түстер алынатын негізгі екі түстің карточкасын көтереді немесе керісінше мұғалім екі негізгі түсті карточканы көрсетеді, ал оқушылар құрама түсті карточканы көтереді.		
Сабақ №	Тақырыбы: БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
14	Жылы және суық түстер. Түс және жыл мезгілдері.	Түстерді тани білу сезімін дамыту.	<i>Мұғалім үшін:</i> жылы және суық түстерді ажырата білуді үйрету, оларды жұмыста ойына сәйкес пайдалану. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> туындыны түс үйлесімі бойынша (жылы не суық) белгілі бір түс үйлесімін біріктіре отырып (жылы не суық), белгілі бір жыл мезгілі мен ауа райы жағдайына қарай суреттей білу. Оқулықтың 60–63-беттеріндегі сұрақтарға жауап береді. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> жыл мезгілдеріне сәйкес жылы не суық түстер үйлесемін таңдау.	Қандай түстер жылы, суық деп аталатынын; жылы және суық түстер қандай әсер қалдыратынын біледі.	Қоршаған ортадағы және суретшілердің туындыларындағы жылы, суық түстерді танып, дұрыс анықтай білуді; жылы және суық түстерді орындайтын жұмысына сәйкес пайдалануды; айналадағы алуан түстерді байқап, жұмыстарына қолдануды үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Жел-тоқ-санның 3-аптасы	№1 жұмыс дәптері. Акварель немесе гуашь бояулары, сурет салуға арналған өлшемі әртүрлі қылқалам жиынтығы, сұқпатын ыдыс, палитра, қол сүртетін орамал.	<p>Оқулық, 60–63-беттер. Суретшілер туындыларының репродукциялары.</p> <p>http://www.mogut-vse.ru/ludy/index.php?option=com_content&view=article&id=70:-2-&catid=44:2011-02-18-23-16-48&Itemid=97</p> <p>http://www.arturok.ru/skazka_o_tuoplyih_i_holodnyih_kraskah.htm</p> <p>http://fotoshkola.net/wiki/risovanie-s-detmi-akvarel</p> <p>http://www.syl.ru/article/199701/new_teplyie-tsveta-i-holodnyie-tsveta-v-jivopisii-tablitsa</p>	<p>Мұғалім сабақтың басында балаларға әрбір түсті белгілі бір затпен немесе құбылыспен байланыстыру керектігін айтады. Оқушыларға сары, қызыл және қызғылт сары түсті карточкаларды көрсетіп, бұл түстер нені еске түсіретінін сұрайды (жылы, шуақты күнді, алау, ыстық жерлерді), яғни олар жылы және ыстық заттарды еске салады.</p> <p>Сондықтан да суретшілер бұл түстерді жылы деп атайды. Одан әрі жылы түсті гаммада орындалған суретшілер жұмыстарының репродукциялары мен пейзаж фотосуреттерін қарайды. Сонымен, балалар жылы түстер – қызыл, қызғылт сары, сары екенін, олар біздің жадымызда жылылықты, жылы жыл мезгілімен, жылы ауа райымен сақталатынын ұмытпаулары керек. Одан кейін мұғалім көк, көгілдір түсті карточкаларды көрсетеді. Оқушылардан бұл түстер нені еске салатынын сұрайды. Балалар бұл түстер қыс, қар, мұз, ымыртты еске түсіретін айтады.</p>	<p>№1 жұмыс дәптері, 26–27-беттер (ауызша). Одан кейін 26, 28–29-беттердегі тапсырмаларды қалаулары бойынша орындайды. Балалар екі жыл мезгіліне қалаулары бойынша түс үйлесімін тандайды. Накты бір сурет салудың қажеті жоқ, тек сәйкес жыл мезгіліне түс үйлесімін тандайды. Палитрамен жұмыс істеуге назар аударыңыз. Балалар түстерді шығара отырып, бояуларды араластырулары керек. Үй тапсырмасы: №1 жұмыс дәптері, 30–31-беттер.</p>	<p>Балалардан жылы және суық түстерді айтуды сұраңыз. Неліктен олай аталатынын түсіндірсін. Түс туралы қандай жана нәрселер білді? Меңгерген білімдерін қалай пайдалана алады?</p>

Сабақ №	Тақырыбы: БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
15–16	Пейзаж. Пейзаж салу. Жұмысты таныстыру.	Қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабылдауды қалыптастыру. Пән бойынша білімдерін кеңейту. Білім алу мен өмір сүрудің арасында байланыс орнату.	<i>Мұғалім үшін:</i> «пейзаж» ұғымымен таныстыру. Алуан түрлі пейзаждарды көре білуге үйрету. Туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Білім алу мен өмір сүрудің арасына тығыз байланыс орнату. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> «пейзаж» терминінің мәнін дұрыс түсіндіру және оны білу, әртүрлі пейзаждарды түс үйлесімі бойынша суреттей білу. Оқулықтың 64–65-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. Термин сөзді үш тілде білу. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> полимерлі сазбалшықтан немесе ермексаздан бедерлі сурет жасау.	Пейзаж дегеніміз не екенін; пейзаждар қандай болатынын; туған өлке пейзажы, олардың ерекшеліктерін білулері керек.	Өнер туындыларының ішінен пейзажды табу; меңгерген білім, біліктерін пайдаланып пейзаж салуды үйренулері керек.
Күнтізбелік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қаңтардың 2, 3-аптасы	А3 өлшемді қағаз парағы. Түсі әртүрлі полимерлерлі сазбалшық немесе ермексаз, қол сұртетін орамал.	Оқулық, 64–71-беттер, әртүрлі пейзаждардан тұратын фотосуреттер альбомы, әйгілі суретшілердің пейзаж репродукциялары берілген альбомдар. http://www.art-urok.ru/peyzazh.htm	Мұғалім тақтаға алдында пейзаж репродукцияларын іліп қояды. Оқушылар үзілісте оларды қарап шыға алады. Мұғалім сабақты пейзаж дегеніміз не деген сұрақтан бастайды. Одан кейін суретшілердің жұмыстарын талқылайды. Балалар пейзаждарды суреттей отырып, әрбір пейзаждың түс үйлесіміне сипаттама береді.	4-өздік жұмысты бас-тамас бұрын №2 жұмыс дәптерінің 3–4-беттеріндегі тапсырмаларды орындау қажет. Одан соң полимерлі сазбалшықпен жұмыс істеу тәсілін тағы бір рет еске түсіреді.	

		<p>http://www.arturok.ru/kraski_i_zvuki.htm</p> <p>http://www.portal-slovo.ru/pre_school_education/36749.php</p> <p>http://youpainter.ru/ru/gallery/tags/4842</p>	<p>Пейзаж репродукцияларын талқылау жұмысын мұғалім эмоционалды бояуы бір-біріне ұқсамайтын екі музыкалық фрагментпен жүргізетін болса, дұрыс болар еді. Мысалы, оқулықтың 66-бетіндегі М. Кенбаев пен И. Генераличтің пейзажына «Адай» күйі мен «Сольвейг әні» сәйкес келеді. Балалар музыкалық фрагменттерді тыңдап болғаннан кейін суретшілердің пейзаждарына қай музыкалық үзінділер сәйкес келетінін тапсын («Адай» күйі М.Кенбаевтың «Құрық салуына», «Сольвейг әні» И. Генераличтің пейзажына сәйкес). Одан соң оқушылармен бірге олар қандай пейзаж салғысы келетінін талқылау керек. Кейбірі салатын пейзажын ауызша айтып берсін. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға өздеріне таныс болып үлгерген әсерлегіш құралдар (түс, сызық, өлшем) туралы естеріне салады. Одан кейін пейзаж жасауға болатын тәсілдерді қарау керек. Әрбір тәсілдің ерекшеліктері туралы әңгімелесу керек. Ақ-қара түсті жұмыста сызықтар мен пішіндердің әсерлілігіне және ақ пен қара түстің кезектесуіне баса назар аударылады. Бояулармен орындалған пейзаждарда басты назар түсте болады. Ал бүгін оқушылар түс, пішін, сызық және бедерлі сурет әсерлі болуы тиіс жұмыс орын-</p>	<p>Пейзаждың түсті гаммасы портретке қарағанда бай, сондықтан да жаңа түсті шығарудың жолын көрсету артық болмайды. Негізгі және құрама түстер туралы тақырыпты еске түсіріп, балалардан жасыл түс қандай түстерден алынатынын сұрайды және сары мен көк түсті араластыру арқылы жасыл түсті шығарады. Сондай-ақ қызғылт сары, күлгін, қоңыр түсті шығарады. Егер ашық түс керек болса, онда негізгі түске ақ түсті сазбалшықты қосады, ал егер қою түс керек болса, онда негізгі түске қара түсті сазбалшықты қосады. Сонымен қатар мүсіндеу тәсілдерін көрсету керек: ширату, созу, жаныштау, және т.б. Оқушылардың есіне полимерлі сазбалшық кеуіп кетпес үшін жылдам жұмыс істеп, желімдеу керектігін</p>	<p>Оқушылар бұл тақырыппен танысу арқылы үйренгендері мен білгендерін қорытындылайды. Мұнда үш аспектінің маңызы зор: 1) балалар өздерін қоршаған әлем туралы не білді; 2) балалар бейнелеу өнері туралы нақты не білді; 3) нені үйренді. Сондай-ақ мұғалім оқушылардың терминдерді үш тілде меңгергендерін тексереді.</p>
--	--	--	--	---	--

			дайды, яғни бейне негізден шығыңқы болуы керек. Балаларға ермексаз бен полимерлі сазбалшықты пайдаланып пейзаж жасау таныс болуы тиіс. Одан әрі мұғалім бедерлі сурет (бейне) қалай жасалатынын түсіндіріп, көрсетеді.	салыңыз. Сабақтың соңында жасаған жұмыстарын таныстырады. Балалармен бірге оны қалай өткізуді алдын ала ойланыңыз. Оған оқулықтың 70-бетіндегі сұрақтар көмектеседі.	
Сабақ №	Тақырыбы: САЯХАТ	Мақсаты	Міндеттері	Негіз білулері керек	Негіз үйренулері керек
17	Саяхат – білімге бастар жол. Композициядағы пішім.	Ой-өрісті кеңейту. Білім алу мен өмір сүрудің арасында байланыс орнату. Композиция туралы ойлануды дамыту, таңдалған пішімнің композицияға әсерін түсіне білу. http://oformitelblok.ru/composition.html http://artwwworld.org.ua/Teorija_i_praktika/Kompozicija/Priemy_kompozicii/Format/ http://adalin.mospsy.ru/1_01_00/1_01_10a.shtml http://www.adme.ru/svoboda-puteshestviya/280-sajtov-dlya-vsehkto-oboazhaet-puteshestvovat-912210/	<i>Мұғалім үшін:</i> Саяхат түрлерімен таныстыру. Әлемді тануға талпыныстарын күшейту. Композициядағы «пішім» түсінігімен таныстырып, оны пайдалануға үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> Саяхатқа шыққанда не көруге болатынын әңгімелеу. Туған өлкедегі көрікті жерлерді сипаттау. «Пішім» және оның түрлеріне түсініктеме беру. Композицияның белгілі бір пішімге тәуелділігін түсіндіре білу. Оқулықтың 74–77-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> композиция жасау барысында түрлі пішімдерді қолдануды үйрену.	Саяхаттың түрлерін; немен және қалай саяхаттауға болатынын; композициядағы пішім дегеніміз не және ол қалай қолданылатынын білулері керек.	Қоршаған әлемге көңіл бөлуді, беймәлім нәрсеге қызығушылық танытып, жаңа нәрсе туралы ақпарат іздеуді; композиция құрастыру үшін түрлі пішімдермен жұмыс істеуді үйренулері керек.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдында жұмыс. Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Қаңтардың 4-аптасы	№2 жұмыс дәптері. Жай қарындаш, түсті қарындаштар, фломастерлер.	Оқулық, 74–77-беттер, әртүрлі пейзаждардың, қалалардың суреті бейнеленген фотосуреттер альбомы, әйгілі суретшілердің пейзаж репродукциялары берілген альбомдар.	Сабақ кім қайда саяхат жасады және онда не көргендерін ортаға салудан басталады. Әңгіме барысында оқушылар мына сұрақтарға жауап берулері керек: 1) адамдар не үшін саяхат жасайды? 2) саяхаттың қандай түрлері бар? 3) саяхатқа шыққанда не көруге болады? 4) саяхат арқылы не білуге болады? 5) саяхатқа кіммен бірге барған жақсы? 6) адамдар саяхатқа немен аттанады? Одан әрі мұғалім балалардың есіне олар әртүрлі өлшемді қағаз таңдауына болатынын салады. Ал бүгін парақтың тағы бір сипаты – пішім туралы танып біледі. Оқулықтың 76–77-беттеріндегі материалды түсіндіреді. Балалармен бірге үш пішімнің әрқайсысына нені бейнелеген дұрыс екенін, сондай-ақ 77-беттегі А және Ә композициялары туралы әңгімелеседі. Балалар бейне қай пішімде сәтті шығатынын ойлансын.	Иллюстрациялар мен сұрақтардың жауабын талқылағаннан кейін балалар №2 жұмыс дәптеріндегі (6–7-беттер) тапсырмаларды орындауға көшеді. Оқушылардың назарын тағы да пішімді дұрыс таңдауға аударыңыз. Одан әрі оқушылар өздері таңдап алған пішімге аралас тәсілді пайдаланып, өз беттерінше композиция орындайды. Үй тапсырмасы: №2 жұмыс дәптері, 11-бет.	Сендердің композиция туралы білетіндеріңе енді пішім қосылды. Кәне, еске түсірейікші, пішім дегеніміз не, ол қандай болады және оны қалай таңдаған дұрыс? Жаңа жұмысқа кірісу үшін тағы да үйренетіндерің бар ма?
Сабақ №	Тақырыбы: САЯХАТ	Максаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
18	Табиғи материалдардан «Keң дала» тақырыбына композиция жасау.	Жаңа материалды бекіту. Табиғи материалдармен жұмыс істеуді үйрету.	<i>Мұғалім үшін:</i> көзбен көріп, есте сақтағандарын пайдалануға үйрету. Әртүрлі табиғи материалдар және пішімдермен жұмыс істеуге үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> Композиция жасау	Композицияға пішім таңдауды; бейнені белгілі бір пішімге орналастыруды біледі.	Өздерінің қиялдарындағы бейнелерді пайдалануды; композиция жасау үшін менгергендерін пайдаланып,

			барысында өз міндеттерін анықтау. Әртүрлі табиғи материалдарды сипаттау. Композициясының ерекшелігіне, пішім, табиғи материалдарға мән бере отырып, жасайтын жұмысын ауызша сипаттау. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> түс, композиция, сурет бойынша білетіндерін пайдаланып, жұмыс істеуді үйрету; табиғи материалдардан өз бетінше композиция жасау.		өз жұмысына пішім таңдауды үйренулері керек.
Күнтіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Ақпанның 1, 2-аптасы	№2 жұмыс дәптері немесе А4 өлшемді қағаз парағы, жай қарындаш, акварель немесе гуашь бояулары, қылқалам, су құятын ыдыс, қол сұртетін орамал, алдын ала дайындап қойған табиғи материалдар	Оқулық, 78–79-беттер, әртүрлі пейзаждардың, қалалардың суреті бейнеленген фотосуреттер альбомы, әйгілі суретшілердің пейзаж репродукциялары берілген альбомдар. http://mirp.kz/photos http://www.newart.ru/tags.php?idt=6&par=999 http://foto.awd.ru/	Мұғалім балаларға биыл көп нәрсе білгендерін айтады. Бұл жұмысты орындау үшін білгендері мен үйренгендерінің бәрін еске түсіреді. Еріктілер болса түс, сызық, пішін, композиция туралы білетіндерін айта алады. Сабақтың басында саяхаттың түрлері көп екенін тағы бір еске салу керек. Қызықты нәрсеге үйдің табалдырығын аттай сала кенелуге болады. Шалғай жерлерге саяхат жасауға да болады. Кез келген саяхаттың нәрсе ашуымен құнды. Біз бүгін қазақ даласы туралы әңгімелесеміз. Қазақтың кең дарқан даласы, күлімдеген күн шуағы қызықты жұмыс жасауға шабыттандырады. Мұғалім әуезді музыка таңдап алып, қазақ даласы туралы өлең оқуына болады.	Балалар №2 жұмыс дәптерінің 12-бетіндегі тапсырманы орындайды. Одан соң «Кең дала» панносын жасауға кіріседі. Мұғалім дауысын ақырын шығарып музыка қояды (күй қоюға болады). Мұғалім панно жасау барысында кеңес беріп, қажет жерінде көмектеседі. <i>Жұмыстың I-кезеңі:</i> оқушылар альбом парағына пішімдерін әртүрлі етіп өлшемдері кішкентай үш үлгі сурет (сұлбасын) салады.	Оқушылар өз беттерінше панно жасап, көркем еңбек сабағында алған білімдері әдемі жұмыстар жасауға көмектесетініне көздері жетті.

			<p>Тақырыпқа кіргеннен кейін композицияны қалай жасау керегін айтады. Кепкен жапырақ, шөп, гүлдер (балалар оларды жетінші сабақта дайындап қояды) өте сынғыш болады. Олармен байқап жұмыс істеу керек. Оларды қағазға ПВА желімімен жапсырған дұрыс.</p> <p>Панноның түстік шешімі мен оны әшекейлеу жолдарын ойластырған жөн. Қағаз парағына немесе қатырма қағаздың бетіне мата желімдесе, оның бетіндегі кепкен жапырақ, гүл, шөптер әдемі көрінеді. Балаларға композиция жасау жолдарын көрсетіңіз. Міне, балалар бүгін білімдері мен біліктерін пайдалана отырып, жана нәрсеге кол жеткізеді.</p>	<p><i>2-кезеңі:</i> ең жақсы суретті таңдап алады.</p> <p><i>3-кезеңі:</i> таңдап алған үлгі бойынша композиция жасайды (акварель + фломастерлер немесе гуашь + фломастерлер).</p> <p>Оқушылар №2 жұмыс дәптерінің 9-бетіндегі тапсырманы да орындай алады.</p>	
Сабақ №	Тақырыбы: САЯХАТ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
19	Саяхат. «Саяхатқа аттанамыз» тақырыбына өз бетінше композиция жасау.	Өз бетінше шығармашылық жұмыс жасау барысында жаңа материалды бекіту.	<p><i>Мұғалім үшін:</i> көріп, есте сақтау қабілеттері мен меңгергендерін іске асыра білуге үйрету. Әртүрлі пішімдермен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p><i>Оқушылардың міндеттері:</i> композиция жасау үшін міндеттерін білу. Композициясы, пішімі мен түстік шешіміне назар аударатын жұмысына ауызша сипаттама беру.</p> <p><i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> түс, композиция, сурет бойынша білетіндерін пайдаланып, өз бетінше композиция жасау.</p>	Топта жұмыс істеуді; ұжымдық жұмысты жоспарлауды; бірігіп жұмыс істеу барысында міндеттерді бөліп алуды; композицияға пішімді қалай таңдау керегін біледі.	Композиция жасау үшін білгендерін іске асырып үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты жүргізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Ақпанның 1, 2-аптасы	А4 өлшемді ақ қағаз, жай қарындаш, фломастерлер, түсті қағаз, қайшы, желім.	Оқулық, 80–81-беттер. Әртүрлі пейзаждардың, қалалардың суреті бейнеленген фотосуреттер альбомы, әйгілі суретшілердің репродукциялары берілген альбомдар. http://mirp.kz/photos http://www.newart.ru/tags.php?idt=6&par=999 http://foto.awd.ru/	Мұғалім балалардың биыл көп нәрсе білгендерін еске салады. Бұл жұмысты орындау үшін білгендері мен үйренгендерінің бәрін еске түсіреді. Еріктілер болса түс, сызық, пішін, композиция туралы білетіндерін айта алады. Сабақтың басында саяхаттың түрлері көп екенін тағы бір еске салу керек. Қызықты нәрсеге үйдің табалдырығын аттай сала кенелуге болады. Шалғай жерлерге саяхат жасауға да болады. Кез келген саяхаттың нәрсе ашуымен құнды. Балалар бүгін де білімдері мен біліктерін пайдаланып, өздері және достары үшін жана нәрсе ашулары тиіс.	<i>Жұмыстың 1-кезеңі:</i> оқушылар альбом парағына пішімдерін әртүрлі етіп өлшемдері кішкентай үш үлгі сурет (сұлбасын) салады. <i>2-кезеңі:</i> ең жақсы суретті таңдап алады. <i>3-кезеңі:</i> таңдап алған үлгі бойынша композиция жасайды.	
Сабақ №	Тақырыбы: САЯХАТ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
20–21	Коллаж. Ұжымдық композиция жасау.	Жаңа материалды бекіту. Ұжымдық жұмыста коммуникативтік дағдыларды дамыту.	<i>Мұғалім үшін:</i> ұжымда жұмыс істеуге үйрету; ортақ жұмысты жоспарлау, міндеттерді бөліп, оларды орындау, ымыралық шешімге келу. Меңгерген білімдерін пайдалана білуге үйрету. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> жұмысының мақсаты мен идеясын түсіндіру. Оқулықтың 84–85-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. Тақырыптағы терминді үш тілде білу.	Топта жұмыс істей білуді; композицияға пішімді қалай таңдау керектігін біледі.	Топта жұмыс істей білуді; ортақ жұмысты жоспарлау, міндеттерді бөліп, оларды орындауды, ымыралық шешім табуы; меңгерілген білімді пайдалануды үйренеді.

			<i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> өздеріне таныс әсерлегіш құралдарды пайдаланып, белгілі бір пішімді ұжымдық жұмыс орындау.		
Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Ақпанның 3, 4-аптасы	А2 өлшемді қатты қағаз парағы, түрлі түсті қағаз жиынтығы, жай қарындаш, фломастерлер, кайшы, желім, желімге арналған қылқалам.	Оқулық, 82–85-беттер. http://www.nur.kz/336578.htm http://fishki.net/49005-samyekrasivye-mestamira-22-foto.html http://www.travelbook.kz/photo/show/209 http://foto.kazakh.ru/search/search.php?tags	Мұғалім балалармен бірге ұжымдық жұмыстың ерекшеліктерін талқылайды (топта барлығы да бір мақсат үшін жұмыс істейді, ол – ортақ жұмысты жасау). Топта бәріне бірдей жалпы мақсатпен қатар жеке мақсаттарда бар, оларды анықтап алу керек (бірі сурет салады, бірі қияды, енді бірі желімдейді). Көздеген мақсатқа жетіп, міндеттерді дұрыс атқару үшін ұжымда жұмыс істеу ережесін жандандыру қажет. Оқушылар өз ұсыныстарын айтсын, ал мұғалім тыңдап, толықтырады (жолдасының пікірін тыңдап, сөзін бөлмеуді үйрету). Одан әрі мұғалім аппликация дегеніміз не және ол қалай орындалатынын еске түсіруді ұсынады. Мұғалім балаларға ұжымдық жұмыстың айтар ойын анықтап алу керектігін түсіндіреді (нені бейнелейді, оның түсі қандай, пішімі (тік, көлденең немесе шаршы, шаршы пішім үшін қағаз парағын қию керек).	Топта талқылап, оқушылар міндеттерін бөліп алғаннан кейін ұжымдық жұмысты орындауға көшеді. Алдымен композицияға қажетті бөлшектер қиып алынады, одан кейін оларды қатырма қағазға орналастырады. Мұғалім кеңес береді, содан кейін ғана негізге барлық бөлшектер желімделеді. Одан кейін аппликацияны фломастерлермен сурет сала отырып толықтыруға болады (ағаштарға жапырақ, жерге тас, үйдің шатырларына жабынқыш салуға болады). Егер балалар жұмысты аяқтап үлгермесе, олар оны келесі сабақтың басында	Мұнда үш аспектінің маңызы зор: 1) балалар өздерін қоршаған әлем туралы не білді; 2) балалар бейнелеу өнері туралы нақты не білді; 3) нені үйренді. Топпен жұмыс істеуге міндетті түрде көңіл бөліңіз: қалай өтті, балаларға ұжыммен жұмыс істеу ұнады ма? Сонымен қатар мұғалім терминдерді үш тілде біліп, меңгергендерін тексереді.

				аяқтайды. Одан соң жұмысқа атау беруге болады. Жұмыстар көрме қабырғасына қойылып, оны бірігіп талқылайды.	
Сабак №	Тақырыбы: САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
22	Қазақ халқының салт-дәстүрі мен ауыз әдебиеті.	Халқымыздың салт-дәстүрлерімен танысу. Салт-дәстүрлерді құрметтеуге, дәріптеуге шақыру.	<i>Мұғалім үшін:</i> қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру. Өз халқының салт-дәстүрін тануға қызығушылықтарын ояту. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> оқулықтың 89-бетіндегі сұрақтарға жауап беру. Халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтып беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> «Салт-дәстүр» тақырыбына арнап сурет салу.	Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» мерекесі туралы, бұл мерекемен қандай салт-дәстүрлер байланысты, көптеген жылдар бойы мереке қалай аталып келе жатқанын біледі.	Салт-дәстүрлерді құрметтеу, дәріптеу және сақтауды үйренеді.
Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабакты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдында жұмыс Өздік жұмыс	Сабактың қорытындысы
Наурыздың 1-аптасы	№2 жұмыс дәптері, гуашь бояулары, сурет салуға арналған өлшемдері әртүрлі	Оқулық, 88–89-беттер. Қолөнер шеберлерінің бұйымдары: кішкене көрпе, аяққап, басқұр және т.б. http://www.bilu.kz/obuchay.php	Бұл сабақты «Наурыз» мерекесі туралы ертедегі салт-дәстүрлер және халық шығармашылығы еліне саяхат ретінде өткізуге болады. Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» мерекесінің маңызы туралы айту үшін дәстүрлі әндер қосып қойып, фотоальбомдарды, егер мүмкіндік болса	Осы мерекеге арналған қойылымды тақтаға шығып көрсетуге болады. Балалар дастарқан қалай жайылатынын немесе наурызкөже қалай әзірленетінін көрсете ала-	Балалардан сабақтан не үйренгендерін айтып беріп, салт-дәстүрге қатысты қандай қорытынды жасағандарын сұраңыз.

	қылқалам жиынтығы, түрлі түсті фломастерлер, су құятын ыдыс, папир, қол сұртетін орамал.	http://visitkazakhstan.kz/ru/about/78/ http://articlekz.com/article/8368	қол өнер шеберлерінің бұйымдарын сабаққа әкелуге болады. Балалар оларды жақыннан көрсе, жақсы болар еді. Егер сіз тұратын жерде өлкетану мұражайы болса, сабақты сонда өткізуге тырысыңыз. Әрбір мұғалім бұл мерекенің қай тұсына нақтырақ тоқталу керектігін өзі шешеді.	ды. Балалардан сабақтан не үйренгендерін сұрап, қандай қорытынды жасағанын біліңіз.	
Сабақ №	Тақырыбы: САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білулері керек	Негізгі үйренулері керек
23	Қолөнер бұйымдарындағы ұлттық ою-өрнектер.	Ою-өрнектермен және олардың ерекшеліктерімен танысу. Өмір сүру мен білім алудың арасында байланыс орнату.	<i>Мұғалім үшін:</i> ою-өрнектердің ерекшеліктерімен және бұйымдарда көрініс тапқан ою үлгілерімен таныстыру. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> оқулықтың 90–91-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. Терминді үш тілде білу. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттері:</i> «қошқармүйіз» оюына қарап, қарапайым өрнектер құрастыру.	Тұрмыс заттарының ою-өрнектермен әшекейленуін, ою-өрнектердің ерекшеліктері туралы білу.	Тұрмыстық заттардағы ою-өрнектерді тануды; «қошқармүйіз» оюын салып, осы оюдың негізінде басқа ою түрлерін құрастыруды үйренеді.
Күнтізбелік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Наурыздың 2-аптасы	№2 жұмыс дәптері. Түрлі түсті фломастерлер, қарындаштар.	Оқулық, 90–91-беттер. Қолөнер шеберлерінің бұйымдары: көрпе, аяққап, басқұр және т. б.	Мұғалім ұлттық ою-өрнектердің шығу тегі туралы, соның ішінде «қошқармүйіз» оюына тоқталады. Оны тақтаға салып, сызықтарының иірімі қандай және ою неліктен «қошқармүйіз» деп аталатынын түсіндіреді.	Материалды түсіндіргеннен кейін, №2 жұмыс дәптеріндегі тапсырманы өз беттерінше орындайды.	Бұл сабақтың маңызы зор, өйткені оқушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін оятады.

		<p>http://www.bilu.kz/ornament.php</p> <p>http://el.kz/m/articles/view/content-15436</p> <p>http://www.uralskweek.kz/2015/03/20/pismena-iz-proshlogo-kazaxskie-nacionalnye-ornamenty-vchera-i-segodnya-fotoreportazh-multimedia/</p>	Одан әрі бұл ою түрінің қолөнер бұйымдарында қалай қолданылатынын көрсетеді. Кілем, көрпе, тұрмыстық заттардағы (ыдыс-аяқ, қару-жарак, зергерлік бұйымдар) ою-өрнектерді фотосуреттерден немесе сабаққа әкеліп көрсетсе дұрыс болады.		Оқушылардың назарын ұлттық өнердің қайнар көзіне аударып, патриоттық сезімдерін арттырады. Халқының өнері мен дәстүрін осы салада білімі бар адам көбірек бағалайды. Мұғалім балалармен бірге осы бағытқа алғашқы қадам жасайды. Алда ұлттық құндылықтардың мол қоры жатыр.
Сабақ №	Тақырыбы: САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білуді қажет	Негізгі үйренулері қажет
24–25	«Наурыз» мерекесіне арналған мерекелік ашық хат жасау.	Қазақ ұлттық ою-өрнектерімен және олардың ерекшеліктерімен танысу. Білім алу мен өмір сүрудің байланысы.	<p><i>Мұғалім үшін:</i> оригами тәсілімен таныстыру. Оригами тәсілімен құрамақтар жасау (қызғалдақ, көбелек). Ою-өрнектерді пайдаланып, құттықтау ашық хатын жасау.</p> <p><i>Оқушылардың міндеттері:</i> «Наурыз» мерекесіне арналған құттықтау ашық хатына мәтін жазу. Оқулықтың 94–95-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. Тақырып бойынша терминді үш тілде білу.</p> <p><i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> «қошқармүйіз» оюын пайдаланып, «Наурыз» мерекесіне құттықтау ашық хатын жасау.</p>	Оригамидің не екенін; оригами жасаудың қарапайым жолдарын біледі.	Оригами тәсілімен ашық хат жасауды үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Наурыздың 3, 4-аптасы	Түсті қағаз, гуашь бояулары, сурет салуға арналған өлшемдері әртүрлі қылқалам жиынтығы, сурет дәптерінің парағы, түсті фломастерлер, «қызғалдақ» не «көбелек» оригамиі, қайшы, желім.	<p>Оқулық, 92–95-беттер. Қолөнер шеберлерінің бұйымдары: көрпе, аяққап, басқұр және т.б.</p> <p>http://www.bilu.kz/ornament.php</p> <p>http://el.kz/m/articles/view/content-15436</p> <p>http://www.uralskweek.kz/2015/03/20/pismena-iz-proshlogo-kazaxskie-nacionalnye-ornamenty-vchera-i-segodnya-fotoreportazh-multimedia/</p>	<p>Мұғалім қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тегі туралы айтып, олардың бірі – «қошқармүйіз» оюына тоқталады. Өрнекті тақтаға салып көрсетіп, сызықтары туралы, не себепті олай аталатынын түсіндіреді. Одан әрі бұл ою ұлттық бұйымдарда қалай қолданылатынын айтып, ашық хат қалай жасалатынын түсіндіреді. Қазақ ою-өрнектері кездесетін кілем, көрпе, тұрмыс заттарының, қару, зергерлік бұйымдардың үлгілерін, яғни тек фотосуреттерін емес, шыннайы заттарды көрсетсе дұрыс болар еді.</p>	<p>Оқушылар ашық хат жасауға кіріседі. Алдымен оригамиді жасайды. Одан ашық хатты жасайды. Қатырма қағаздың керекті түсін таңдап алады. Балалармен алдын ала ашық хаттың түсі туралы сөйлесу керек. Ашық хаттың бетіне түрлі түсті фломастер немесе бояулармен ою-өрнектер салынады. Одан соң ашық хаттың ортасына «қызғалдық» немесе «көбелекті» желімдеп, айналасына құттықтау, тілектерді әдемілеп жазады. Оқушыларға қауіпсіздік ережесі туралы ескертуді ұмытпаңыз. Өздік жұмыс орындау барысында мұғалім жеке кенестер береді, оқушыларға мүмкіндігінше көмек көрсетеді. Жұмысты аяқтағаннан кейін ашық хатты таныстырады.</p>	<p>Оқушылар ежелгі өнер түрлерінің бірі оригамимен танысып, құрамақ жасап үйренді. Одан ашық хат жасады.</p>

Сабақ №	Тақырыбы: ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
26	Тағам мен сусынның алатын орны. Суретшілер туындыларындағы тағам түрлері.	Білім алу мен өмір сүрудің арасында байланыс орнату. Суретшілердің туындыларымен танысу.	<i>Мұғалім үшін:</i> оқушылармен бірге адамның өмірінде тағам мен сусынның рөлін талқылау. Тағамдардың пайдалы және зиянды жақтарын айту. Суретшілердің туындыларымен таныстыру. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> тағамдардың қасиеттері туралы айту, тағамдардың пайдасы мен зияны туралы қорытынды жасау. Суретшілердің тақырыпқа сәйкес туындыларын талдау. Оқулықтағы сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> №2 жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындау.	Адам өміріндегі тағамдардың рөлін; тағамдардың қасиетін білулері керек.	Пайдалы және зиянды тағамдарды атап, тақырыпқа сәйкес өнер туындыларын талдап үйренеді.
Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Сәуірдің 1-аптасы	№2 жұмыс дәптері, түрлі түсті фломастерлер, қарындаштар.	Оқулық, 98–101-беттер. Суретшілер туындыларының альбомдары. http://www.luchiksveka.ru/edu/inteves.html http://ejka.ru/blog/stihi/330 . html http://beauty-in-health.net/stihi-ozdorove-dlya-detej/	Бұл сабақты әңгіме-сабағы ретінде өткізген дұрыс. Алдымен балалар нені жақсы көретінін, нені жақсы көрмейтіндерін айтды. Әңгімені жақсы көретін және жақсы көрмейтін тағамдарының пайдалы жақтары туралы жалғастырады. Мұғалім тағамдардың құрамындағы адамның ағзасына қажетті дәрумендер, ақуыз және майлар мен көмірсулар	Тақырыпты талқылап болған соң, №2 жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындайды.	Оқушылар тағамдардың әртүрлі қасиеттері туралы біліп, дені сау болу үшін қалай тамақтану керек екені туралы қорытынды жасайды. Суретшілердің туындыларымен танысады.

			туралы айтады. Балалар үнемі тәтті тағамдар мен гамбургерлерді жеген адамның денсаулығы қалай болады деген сұраққа жауап іздеп көрсін. Одан соң суретшілер өз туындыларында тағамдар мен сусындарды қалай бейнелегенін талқылайды. Ол үшін оқулықтың 100–101-беттеріндегі туындыларға қарап шығып, сұрақтарға жауап береді.		
Сабақ №	Тақырыбы: ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
27	Жемістер мен көгөністердің пішінін зерттейміз. «Жеміс (көгөніс) себеті» ұжымдық жұмысын орындау.	Ой-өрісті кеңейту. Білім алу мен өмір сүрудің байланысын білу. Пайдалы тағамдармен, «көлем» ұғымымен танысу.	<i>Мұғалім үшін:</i> азық-түліктерге тек ағзаның негізгі қорегі деп емес, суретшінің назарын аудартатын нысан ретінде қарау. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> пайдалы тағамдарды атап, олардың пайдасы қандай екенін түсіндіру. Жемістер мен көгөністердің сыртқы түрін – пішіні мен түсін суреттей білу. Оқулықтың 102–103-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> жемістер мен көгөністерді түсі және пішіні бойынша жіктеу. Ермексаздан жемістер мен көгөністерді жасау.	Тағамдардың пайдалы жақтарын; суретшілердің әртүрлі азық-түлік түрлерін бейнелеу үшін қолданатын тәсілдерін; тағам түрлерінің түсі мен пішінін біледі.	Тағамды бейнелеу өнерінің бір нысаны деп қабылдауды; жемістер мен көгөністердің пішінін талдауды; кейбір жемістер мен көгөністердің көлемді бейнесін жасауды үйренеді.

Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Сәуірдің 2-аптасы	Ермексаз немесе полимерлі (түсті) сазбалшық, кескіш, жұмыс істейтін қатырма қағаз, қол сүртетін орамал.	<p>Оқулық, 102–103-беттер. Әртүрлі жемістер мен көгөністердің фотосуреттері, 2–3 жеміс пен көгөніс.</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=zOVSEWn3fS4</p> <p>http://deti-online.com/zagadki/zagadki-ovoschifrukty/</p>	<p>Сабақтың басында мұғалім оқушылармен бірге адамға тағам не үшін керек екені туралы пікірлерін ортаға салады. Балалардың жауабын тыңдағаннан кейін, мұғалім тағам – біздің ағзамыздың тірегі, ол ағзамызды қажетті энергиямен толтыратынын түсіндіреді. Адам тағамсыз өмір сүре алмайды. Тағам түрлері өте көп. Олар: ет және сүттен жасалатын тағамдар, жұмыртқа, ұннан жасалған, кондитерлік тағамдар, жеміс, көгөністер. Олардың қайсысы пайдалы, қайсысы пайдалы емес? Неліктен? Балалар өз ойларын айтсын, сонымен қатар оқулықтағы сұрақтарға жауап берсін. Тағамдардың пайдалы жақтары туралы әңгімелескеннен кейін жемістер мен көгөністерге суретшінің көзімен қарап, «Байқап үйрен» бөлімінің сұрақтарына жауап береді. Мұғалім оқулықтың 102-бетіндегі «көлем» ұғымын түсіндіріп, түрлі жемістер мен көгөністерді қалай мүсіндеуге болатынын көрсетеді.</p>	<p>№2 жұмыс дәптері, 20-бет (ауызша), 21-беттегі тапсырманың бірін таңдайды, қалғанын үйде орындайды.</p> <p>Балалар көгөністер мен жемістердің бірін таңдап, мүсіндеуге көшеді. Алдымен балалар қажет түсті шығарып, мүсіндеу тәсілдерін үйренсін. Құрама түстер қалай алынатынын еске түсіріңдер. Қою жасыл түсті ашық жасыл түске, қызыл мен сарыны араластырып қызғылт сары түсті қалай шығаруға болатынын көрсетіңдер. Одан әрі кім қандай жеміс, көгөністерді мүсіндейтінін, олардың өлшемдерін анықтаңдар. Олардың өлшемі себетпен сәйкес болу керек. Себетке жеміс-жидектер мен көгөністердің бәрі сыймайды, онда ең жақсы</p>	<p>Балалар дәмді әрі пайдалы тағам түрін біліп қана қоймай, сондай-ақ заттардың көлемді бейнесін жасап үйреніп, себетті толтырды.</p>

				жасалғандарын салу қажет. Ал қалғанын айналасына қатырма қағаздың үстіне қоюға болады.	
Сабақ №	Тақырыбы:	Мақсаты	Міндеттері	Негізгі білудері керек	Негізгі үйренулері керек
28–29	Натюрморт. Жеміс және көгөністерден натюрморт жасау. Жұмысты таныстыру.	Меңгерген білім мен білікті бекіту, сабақты қорытындылау.	<i>Мұғалім үшін:</i> натюрморт жасау арқылы эстетикалық талғамдары мен көркемдік тұрғыдан көзқарастарын дамыту. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> Жұмысының айтар ойын, жұмыс барысы мен нәтижесін сипаттау. Достарының жұмыстарын талдау. Оқулықтың 107-бетіндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> сабақта меңгергендерін пайдаланып, 3–5 заттан тұратын натюрморт композициясын жасау (бір-екі ыдыс, екі-үш жеміс пен көгөніс).	Натюрморт композициясы қалай жасалатынын; натюрмортта қандай заттар үйлесетінін біледі.	Заттардың үйлесімділігін сезінуді; натюрморт композициясын жасауды; түстермен жұмыс істеуді үйренеді.
Күнтізбелік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Сәуірдің 3, 4-аптасы	А3 пішімді қағаз (шаршы түрінде қиылғаны да болады), қылқалам жыынтығы, гуашь және ак-	Оқулық, 104–107-беттері. Натюрморт туындылары бейнеленген альбомдар, жеміс-жидектер, ыдыстар. http://svistanet.com/hudozhniki-art-proekty/kartini-i-zhivopis/	Мұғалім балаларға натюрморт жасау барысында қандай сәттерді ескеру керегін, қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланды түсіндіреді. Алдымен қағаз парағының өлшемі мен пішімін, салатын натюрмортты көз алдына елестетіп, қандай жемістер мен көгөністерді бейнелейтін	Натюрморт түрліше салынады: балалар бірден бояулармен жұмыс істеуі мүмкін, түсті дақтарды жағып, одан кейін бөлшектерін салады. Мұндай жұмыс күтпеген нәти-	Сабақтың аяғында мұғалім оқушылармен бірге тақырыпты меңгере отырып, не білгендерін естеріне түсіреді. Негізгі үйренді, натюрморт жасау үшін қандай

	варель бояулары, су құятын ыдыс, қол сүртетін орамал, жай қарындаш, фломастерлер, балауыз борлар.	<p>gollandskij-naturmort-xvii-veka.html</p> <p>http://smallbay.ru/article/holland_still-life.htm</p> <p>http://www.kowal.ru/blog/113</p>	<p>шешіп алу керек (натюрмортты қандай ыдыстар және заттармен толықтыруға болатынын атап шықсын).</p> <p>Натюрмортта заттарды орналастыруды, өрнектермен әшекейлеуді, қандай сызықтар мен пішіндер қолданылатынын, қандай түстер үйлесімін пайдаланатынын шешеді.</p> <p>Балалар содан кейін жұмысқа кіріседі.</p>	<p>желер беруімен қызықты.</p> <p>Алдымен суретті қарындашпен салып, одан кейін түспен жұмыс істей алады.</p> <p>Әрине, бірінші сынып оқушылары жазық бейнелер салып, дақтармен жұмыс істейді.</p> <p>Бәлкім, оқушылардың бірі заттарға өрнектер салып, сәнді натюрморт жасау үшін фломастермен, түсті қарындаш немесе бормен жұмыс істегісі келетін шығар.</p> <p>Ұсыныстар неғұрлым көп болған сайын, балалар соғұрлым бір-бірінен үйренеді. Мұғалім балаларға өз беттерінше жұмыс істеу барысында жеке кеңестер беріп, қажет көмекті көрсетеді.</p>	білім, біліктерін пайдаланды.
Сабак №	Тақырыбы: ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
30	Денешынықтыру және спорт.	Салауатты өмір салтына қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін ояту. Адамның бейнесімен та-	<i>Мұғалім үшін:</i> дене тәрбиесі мен спортқа құштарлықтарын ояту. Қозғалыстағы адам бейнесінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қозғалыстағы адамның бейнесін салуды үйрету.	Денешынықтыру мен спорттың пайдасын, әртүрлі спорт түрлері бейнеленген өнер туындыла-	Дене тәрбиесі және спорт адамға салауатты өмір сүру үшін қажет екенін түсінуді, қозғалыстағы

	Қозғалыстағы адамның бейнесі.	нысу. Қоршаған әлемді эстетикалық тұрғыда қабылдауды қалыптастыру, білім алу мен өмір сүрудің арасында байланыс орнату.	<i>Оқушылардың міндеттері:</i> дене тәрбиесі мен тазалыққа мән бері отырып, өз күн тәртібін сипаттап беру. Оқулықтың 112–116-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> қозғалыстағы адамды бейнелеп үйрену.	рын, қозғалыстағы адамды қалай бейнелеуді біледі.	адамның бейнесіндегі өзгерістерді байқауды, қозғалыстағы адам бейнесін бейнелеуді үйренеді.
Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар. Интернет-ресурстар	Материалды түсіндіру	Тақта алдындағы жұмыс. Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Мамырдың 1-аптасы	№2 жұмыс дәптері, қарындаш, фломастерлер. Түсті қатырма қағаз, қайшы, аппликация жасау үшін түсті қатырма қағаз, желім, желім жағатын қылқалам, қол сұртетін орамал.	Оқулық, 112–117-беттері. Дене тәрбиесі мен спортқа арналған фотосуреттер. http://www.zanimatika.narod.ru/ZOJ_sport.htm http://journal-shkolniku.ru/sport.html	Материалды түсіндіру барысында балалармен бірге мына сұрақтарды талқылайды: деніміз сау, шымыр болу үшін не істеу керек, спорт адамға не береді, қозғалыстағы адамның дене бітімі қандай болады. Алдыңғы екі сұраққа балалар қиындықсыз жауап берсе, үшінші сұраққа жауап беру үшін мұғалім көмек беруі тиіс. Мұғалім тақтаға ерікті екі оқушыны шақырады. Олар қалған оқушыларға түрлі қимылдарды көрсетеді. Оқушылардың біріне біздің қолдарымыз қай жерінен бүгілетінін көрсетуді тапсырыңыз: біз иығымызды жоғары көтеріп, төменге түсіреміз, қолымызды соза аламыз. Қолымыз шынтак тұсында бүгіледі, алақанымызбен иығымызды ұстай аламыз, бүйірімізді таяна аламыз. Қолымызды білезіктен бүгіп, саусақтарымызды қимылдата аламыз.	№2 жұмыс дәптерінің 26-бетіндегі тапсырманы орындайды. Тапсырманы орындауға уақыт шектеулі болғандықтан, мұғалім алдын ала әртүрлі пішіндерді барлығына жететіндей етіп дайындап қояды. Оларды пакеттерге салып қойған дұрыс, бір пакетке тік төртбұрышты, екіншісіне дөңгелек пен сопақша, үшіншісіне үшбұрышты пішіндерді салады. Пішіндердің өлшемдері мен пропорциялары әртүрлі болуы керек. Оқулықтағы үлгі бо-	Мұғалім балалардан сабақтан қандай жаңа нәрсе білгенін, не үйренді және алған білімдері қай жерде керек болатынын сұрайды.

			<p>Мұның бәрін айта отырып, көрсету керек. Ойланып көріңдерші, біздің қолымыз бен саусақтарымыз бүгілмесе, біз жазып, сурет сала алмас едік, қасықты да ұстай алмаймыз, ауыр жүкті көтере алмаушы едік. Жүргізушілер көлік айдап, музыканттар инструментте ойнай алмады. Дәрігерлер адамды емдеп, құрылысшылар үй тұрғызып, ал аналарымыз дәмді тағам пісіріп, балаларын құшақтай алмас еді.</p> <p>Екінші оқушы аяқ пен дене қалай қозғалатынын, басымыз жан-жаққа бұрылатынын көрсетеді. Қимылдағанда бүкіл дене қозғалысқа түседі.</p> <p>Нәтижесінде оқушылар біздің денеміз қозғалмалы екеніне, соның арқасында біз әртүрлі жұмыс істеп, түрлі қимылдар жасайтынымызға көздері жетеді: жүреміз, жүгіреміз, секіреміз, отырамыз, спортпен шұғылданамыз.</p>	<p>йынша балалар түсті қатырма қағазға адамның бейнесін жасайды (пішімі А4-тен үлкен болмауы керек). Бұл тапсырманы көңілді дене жаттығуы ретінде де орындауға болады (бір жұп қолын жоғары көтерген фигураны бейнелейді, екіншілері шынтактарын бүгіп, қолдарын жоғары көтерген фигураны, үшіншісі қолдарын бүйіріне тіреп). Фигуралардың бәрі орналасқаннан кейін оларды желімдеу керек. Жасалған жұмыстарды ортақ қатырма қағазға орналастырып, дене жаттығуы туралы өлеңдермен толықтыруға болады. Үйге тапсырма: №2 жұмыс дәптері, 27-бет.</p>	
Сабак №	Тақырыбы: ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
31–32	«Менің сүйікті	Алған білімдері мен біліктерін	<i>Мұғалім үшін:</i> жыл бойы алған білімдерін пайдала-	Қозғалыстағы бейнені қалай	Бейнені әртүрлі қимыл-

	спортым» композициясын жасау. Жұмысты таныстыру	бекіту, тақырыпты қорытындылау.	на отырып көп бейнелі композиция жасауды үйрету, оқушылармен бірге жұмыстарын таныстыру. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> сүйікті спорты туралы ауызша әңгіме құрау. Оқулықтың 118–119-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру. <i>Оқушыларға арналған шығармашылық міндеттер:</i> «Менің сүйікті спортым» композициясын меңгерген білімдері мен біліктерін пайдаланып жасау.	салуға болатынын; «Спорт» тақырыбына композицияны қалай құруға болатынын біледі.	қозғалыста салуды; алған білімдері мен біліктерін пайдаланып, көп бейнелі композиция жасауды үйренеді.
Күнтізбелік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар	Материалды түсіндіру	Өздік жұмыс	Сабақтың қорытындысы
Мамырдың 2, 3-аптасы	А3 пішімді қағаз (шаршы түрінде қиылған болса да болады), қылқалам жиынтығы, гуашь және акварель бояулары, су құятын ыдыс, қол сүртетін орамал, жай қарындаш, фломастерлер, балауыз борлар, аппликацияға қажетті материалдар, қай-	Оқулықтың 118–121-беттері. Спортқа арналған фотосуреттер, фильмдер. http://deti-online.com/zagadki/ http://www.liveinternet.ru/users/2010239/post120727257	Мұғалім спорттың әр түрін еске түсіріп, шығармашылық жұмысқа жетелейді, жұмыстың аяғында жеңімпаздарды лайықты марапаттар күтіп тұрғанын айтады. Балалар соңғы тапсырманы орындалу тәсілін таңдап, өз беттерінше жасағандары дұрыс.	Өздік жұмысты орындамас бұрын оқушылармен бірге тақтаның алдында спорт пантомимасын ойнауға болады, 1–3 оқушы ым және ишаратпен белгілі бір спорт түрін көрсетеді, қалғандары оны табады, одан кейін тапқан оқушы тағы бір спорт түрін бейнелеп көрсетеді. Мұғалім пантомима ойнау барысында балалардың назарын қимыл-қозғалыстарға аударады. №2 жұмыс дәптерінің 29-бетіндегі тапсыр-	Жарыс жеңімпаздарының жұмыстары түрлі атаулар бойынша марапатталады: ең ерекше композиция, ең қызықты түстік шешім, композициядағы ең әсерлі фигуралар, ерекше атау, ең үздік пантомима және т.б. Жеңімпаздар қорытынды сабақта марапатталады.

	шы, желім, желім жағатын қылқалам.			маны сергіту ретінде орындауға болады. Одан әрі оқушылар белгілі бір өлшем, пішім мен материалдарды тандап, өз бетінше жұмыс істеуге кіріседі. Одан соң жұмыстарын таныстырып, оқулықтың 130–131-беттеріндегі сұрақтарға жауап береді.	
Сабак №	Тақырыбы	Мақсаты	Міндеттері	Нені білулері керек	Нені үйренулері керек
33	Қорытынды сабақ.	Жылды қорытындылау.	<i>Мұғалім үшін:</i> жылдың ең үздік жұмыстарын тандап, оқушыларды білімдеріне қарай марапаттау. <i>Оқушылардың міндеттері:</i> Оқулықтың 120–121-беттеріндегі сұрақтарға жауап беру және викториналарға қатыса отырып, жыл бойы алған білімдерін жинақтау.	Жыл бойы не үйренгендерін білулері керек.	Алған білімдері мен біліктерін талдай отырып, қорытынды жасау.
Күнгіз-белік мерзімі	Жұмысқа қажетті материалдар	Сабақты өткізуге арналған материалдар	Қорытынды сабақты өткізу	Қорытынды сабақты өткізу	Жылды қорытындылау
Мамырдың 4-аптасы		Балалардың үздік жұмыстары қойылатын көрме. Түрлі атаулар бойынша балаларға арналған диплом, сыйлықтар.	Жұмысты таныстырудың қорытынды сабағын мерекелі түрде өткізу керек. Сынып бөлмесін алдын ала дайындап, қабырғаға оқушылар жыл бойы жасаған ең үздік жұмыстарын іледі. Жылдың соңғы тақырыбы спортпен байланысты болғандықтан, жұмысты	«Өнер шежіресі» викторинасын өткізуге болады. Ол үшін алдын ала ағаштың суреті салынады. Ағаш жапырақтарын салмайды, желімдеп шығанды. Қағаз жа-	Викторинадан кейін жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтеді. Ең бастысы, мерекелік атмосфераны сақтап, жыл жемісті аяқталды деген

			<p>таныстыруды да спорттық түсіндірме (комментарий) арқылы өткізген дұрыс. Оқушыларға бұл жылы түс, сызық және пішін, композиция, портрет, пейзаж және натюрморт туралы қызықты және жаңа не нәрсе үйренгендерін еске түсіруді тапсырады. Бұл соңғы сабақ болғандықтан, жылды қорытындылау керек. Балалар әрбір пункт бойынша өз жауаптарын береді, жауаптардың толық болуын талап етіңіз. №2 жұмыс дәптерінің 28–31-беттеріндегі тапсырмаларды пайдалануға болады. Бұл тапсырманы викторина түрінде де өткізуге болады.</p>	<p>пырақтың теріс жағына жыл бойғы бағдарлама бойынша сұрақтар, ал жапырақтың жоғарғы бөлігіне сұрақтың бағасы жазылады. Мұғалім жапырақты ашып, сұрақты оқиды. Сұраққа жауап берген балаға жапырақ сыйға беріледі. Сабақтың соңында жинаған ұпайлары есептеледі. Ең жоғары ұпай жинаған оқушыларға «Бейнелеу өнерінің білгірі» медалі салтанатпен табысталады. «Не? Қайда? Қашан?» бағдарламасының үлгісімен викторина жүргізуге болады.</p>	<p>түсінікті естен шығармаңыздар.</p>
--	--	--	--	---	---------------------------------------

ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАРМЕН ЖҰМЫС

Оқулық — оқушылар мен мұғалімдерге арналған негізгі көрнекі құрал. Оқулықтағы репродукциялардың бәрін бірдей түсіндіру қажет емес, сабақта өтілетін екі-үшеуіне ғана тоқталса жеткілікті. Егер тақырып жылы және суық түстер туралы болса, онда мұғалім балалармен бірге берілген репродукциялардағы түсті гаммаларды талдап, қайсысы жылы, қайсысы суық екенін табады. Сондай-ақ олар қандай сезімге бөлейтінін сұрайды. Егер әңгіме композиция туралы болса, онда иллюстрацияларды осы жағынан талдау керек. Егер иллюстрацияларда жұмыстың орындалу реті көрсетілсе, онда өте мұқият болып, оқушылармен бірге жұмыс істеу реттілігін талдау керек.

Репродукциялармен сабақта жұмыс істейді. Репродукциялардың басым бөлігі бала бейнелеу өнерінің құнды дүниелерін өз бетінше қабылдап, меңгеруге мүмкіндігі болуы үшін беріледі, ұнаған жұмыстары мен суретшілердің аты-жөнін есте сақтайды. Оқулық қоршаған ортаның әсемдігін байқап, оны тұтас қабылдап, аңғарымпаз болуға, бейнелеу өнері туындыларын түсініп, сурет сала білуге баулиды. Оқу материалы бұл талаптарға жауап береді және иллюстрациялар мынадай топтарға бөлінеді:

1. Кәсіби суретшілердің репродукциялары.

Оларға қарап, қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы балалар көркем туындыда шынайы іс-әрекет қалай көрініс табатынын байқайды. Суретші жұмысын әсерлі етіп көрсету үшін қандай әсерлегіш құралдарды қолданатынын біледі, яғни бейнелеу өнерінің тілін түсініп, сауатты көрермен болуға үйренеді. Сондықтан да оқушыларға қандай да бір туындыны тереңірек түсінуге көмектесетін сұрақтарды елемеуге болмайды. Сондай-ақ мұғалім бұл сұрақтар аясын өзі де кеңейте алады.

2. Тірі және жансыз табиғат көріністерінің фотосуреттері.

Шынайы өмір мен суретті салыстырып, оқушылардың патриоттық сезімдерін арттыру үшін берілген адамдардың, табиғат және халқымыздың қолөнер бұйымдарының көптеген фотосуреттері. Фотосуреттердің барлығы нақты сұрақтармен беріледі, олардың мақсаты баланың көңілін аудару, оны тек көріп қана қоймай, қоршаған ортаның әсемдігін қабылдауға үйрету.

3. Авторлық және балалар салған сурет-сызбалар.

Мұнда қандай да бір суреттің орындалу нұсқалары көрсетіледі. Оқулықта сурет салу жолдары кезең-кезеңмен берілмейді, өйткені дайын сызбалар баланың шығармашылық қабілетінің дамуына кедергі келтіреді. Әрбір бала сурет салудың өзіндік жолын табуы тиіс. Сондықтан ұсынылған сызбалар жалпылама түрде берілген (бейнелер мен заттардың құрылымы), ал қалған жағында меңгерген білімдерін қолданып, өзі ізденуі қажет. Мұндай сызбаларды мұғалім тақтада көрсете алады. Бала сурет салудың жалпы түсініктерін мұғалімнің түсіндіруімен және көрсетуімен қабылдағаны дұрыс.

4. Балалардың шығармашылық жұмыстары.

Мұндай жұмыстар балалардың мүмкіндіктерін көрсету үшін, яғни олар талпынуы тиіс нәтижені көрсетеді. Балалар оған лезде қол жеткізбесе де, мұндай жұмыстарды өздері де жасай алатынына көздері жетуі керек. Бұл репродукциялар мұғалім мен оқушының назарынан тыс қалмауы тиіс, оларды балалармен бірге қарап, талдау қажет.

Барлық иллюстрацияларға сұрақтар қоса беріледі. Сұрақтар белгілі бір жұмыста не бейнеленген деген сипатта ғана емес, меңгерілетін тақырыпқа сәйкес беріліп отырады. Мысалы, егер тақырып түске арналса, онда негізгі сұрақтар иллюстрацияның түсті гаммасына қатысты қойылады. Егер композиция туралы тақырып болса, онда туындының композициялық шешіміне қатысты сұрақтар болады. Мұғалім нақты қойылған сұрақтар мен оған берілетін дұрыс жауап қана өнер туындысын толық қабылдауға көмектесетінін естен шығармауы тиіс.

Балалардың көпшілігі үшін (мысалы, шалғай ауылдарда тұратын балалар) оқулық жылдар бойы суретшілердің туындыларымен ғана емес, сондай-ақ тірі және жансыз табиғат нысандарымен танысудың жалғыз көзі болуы мүмкін екенін ұмытпау керек.

Оқулық материалының көлемі ауқымды болуы тиіс. Сонда оқулық баланы қызықтырары сөзсіз. Егер бала сабақ барысында оқулықтағы мәліметтердің бәрін меңгеріп алса, үйде ол кітапқа қарағысы да келмеуі мүмкін. Сондықтан оқулықтағы сұрақтардың жартысын балаларға үй жұмысы ретінде беру керек. Бұл үйге көп тапсырма беру керек деген сөз емес, балалар оқулықтағы иллюстрацияларды қарап шығып, сұрақтарға ауызша түрде жауап берсе жеткілікті.

2-қосымша

ЕРМЕКСАЗ, ПОЛИМЕРЛІ САЗБАЛШЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мүсіндеу – көлемді бұйымдар жасалатын бейнелеу әрекетінің бір түрі. Мүсіндеу арқылы саусақтардың икемділігі, сондай-ақ баланың сөйлеу, ойлау, логикалық қабілеттері артады.

Мүсіндеу материалдарының кейбір ерекшеліктері бар, мысалы, ермексаз кеппейді, онымен жасаған жұмысты кез келген уақытта түзетуге болады. Ал полимерлі сазбалшық жарты сағаттан кейін қатып, оны түзету қиынға соғады. Алайда полимерлі сазбалшықтан жасалған бұйымдар жақсы сақталады. Бұл материалдармен жұмыс істеу тәсілдері бірдей.

Мүсіндеу тәсілдері.

Ермексаздан мүсін жасау үшін оның домалақтау, шиыршықтау, жаныштау, созу, тегістеу және т.б. негізгі тәсілдерін үйрену керек. Оларды білсең, қажет пішіндерді жасап, жұмыс істей аласың.

Домалақтау. Ермексаздың бір бөлігін екі алақанмен ширатып, дөңгелек пішінге келтіреміз.

Шиыршықтау. Дөңгелек ермексазды жұмыртқа немесе цилиндр пішінге келтіру. Екі қолды бір-біріне көлбеу ұстап, шиыршықтаса, ермексаз жұмыртқа қалпына келеді.

Жаныштау. Ермексазды тандыр нан немесе диск пішініне келтіру үшін оны алақанмен үстелдің үстінде қатты жаныштау керек.

Шымшу. Үлкен пішінді бұйымның ұсақ бөлшектерін шығаруда қолданылатын әдіс.

Созу. Ермексазды қолмен созып, қажет пішінге келтіру.

Тегістеу. Ермексаздан жасалған бұйымның артық бөлшектерін саусақ немесе кескішпен алып тастау үшін қолданылатын әдіс.

Кесу. Ермексазды кескішпен бірнеше бөліктерге бөлу.

Тілу. Бұйымға қайшымен тілік жасау. Бұл әдіспен шөп, кірпінің инесі, құстың қауырсынының кескінін шығаруға болады.

Біріктіру. Бөлшектерді бір-біріне қатты күш салмай жапсыру.

Балаларға бұл тәсілдердің бәрін бірден айтуға болмайды. Ең басты тәсілдерді айтып, одан соң біртіндеп қалғандарымен танысады.

Ермексазды (полимерлі сазбалшықты) араластыру.

Балалар жаң түс шығару үшін ермексазды (полимерлі сазбалшықты) араластырғанды жақсы көреді. Олар кейде бірнеше түсті араластырады, оны шектеу керек. Ол үшін негізгі және құрама түстерді еске түсіру қажет. Балалар екі негізгі түсті араластырып, құрама түс алуға болатынын білуі тиіс. Негізгі түстердің мөлшерін арттырып не кеміте отырып, әртүрлі реңктерді шығаруға болады. Сонымен қатар ашық түс шығару үшін кез келген түске ақ түсті, түсті қоюландыру үшін кез келген түске қара түсті қосу керек.

Мүсіндеуді мынадай түрлерге бөлуге болады: көлемді бейне, бедерлі сурет (бейне), ермексаздан жасалған кескіндеме, мозаика.

Көлемді бейне үш тәсілмен жасалады: құрылымдық (бейне жеке бөліктерден жасалады), мүсіндік (тұтас бөліктен мүсіндеу, жұмыс жалпыдан жекеге қарай орындалады), құрама (екі құрылымдық және мүсіндік тәсілді біріктіреді).

Бедерлі сурет (бейне) заттың бетіне бөлшектерді орналастыру.

Ермексаздан жасалған кескіндеме алуан түсті ермексаз бөліктерін жапсыру арқылы жасалады. Мұндай тәсілмен орындалған жұмыстар сыртынан қарағанда кескіндемеге ұқсайды.

Мозаика ермексаздың кішкене бөлшектерін суретке сәйкес жабыстыру арқылы жасалады.

3-қосымша

БАЛАЛАР ЖАСАҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ КӨРМЕСІ

БАЛАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАЛАЙ САҚТАУ КЕРЕК

Балалардың барлығында оқу жылының басында сурет салуға арналған А3 пішімді папка болуы тиіс. Оның сыртына аты-жөндерін жазып, оқушылардың жасаған жұмыстарының бәрін сонда салады. Жылдың соңында әрбір балада жұмыс дәптерлерінен бөлек шығармашылық жұмыстары сақталатын папкалары болады. Бұл папкаларда оқушылардың барлық жұмысын сақтаған дұрыс. Қорытынды сабақтарда оқушылар ата-аналарымен бірге бастапқы және соңғы жұмыстарын салыстырып, шығармашылық деңгейлерінің өскенін көре алады. Алты жылдан кейін шығармашылықтары қалай басталып, қандай нәтижеге жеткенін көру қызық емес пе?! Бір сыныптың оқушыларының папкаларын алфавиттік реттілікпен орналастырған дұрыс. Ұжымдық жұмыстар бөлек папкада сақталады. Көлемді жұмыстарды шкаф немесе сөрелерге қояды. Көрмеде стендке ілінген жұмыстар уақыт өткен соң авторлық папкаларға қайтарылады. Оқушылардың үздік жұмыстары арнайы «алтын қор» папкасына іріктелінеді. Ыңғайлы болу үшін оларға «Натюрморт», «Портрет», «Пейзаж», «Анималистік жанр», «Кескіндеме», «Графика», «Сәндік жұмыстар» деген атаулар беруге болады. Жанр және түрлерге бөліп жеке папкалар әзірлеуге де болады. Мұндай папкалар балалардың үздік жұмыстарын сабақта көрнекі материал ретінде пайдалану үшін тиімді. Сонымен қатар әртүрлі көрме және балалар шығармашылығы байқауларына қатыстыра алады.

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА КӨРМЕНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Оқушыларды эстетикалық тұрғыда тәрбиелеуде көрменің рөлі зор. Көрмелерге барып, оларға дайындалып, вернисаждардың салтанатты ашылуына қатысып, суретшілердің еңбектерін тамашалауға келген көптеген адамдарды көрген балалар өздерінің жұмыстарының маңыздылығын түсінеді. Олар жасаған жұмыстарын сырттай бақылап, байыппен бағалауға тырысады. Мұның бәрі балалардың шығармашылықпен айналысуға құлшыныстарын арттырады.

Балалар көрмеге ең жақсы жұмыстар таңдалып алынатынын білетіндіктен өз жұмыстарына шындыра кіріседі. Бұл оларды ынталандыра түседі.

Көрмелер баланың қабілеті мен шабытын арттырады. Бұл оқушылар өздерін мұғалім ретінде сезінетін үлкен сабақ тәрізді. Олар бір-бірінен үйреніп, бір-бірінің жұмысына қарап, біріншіден, әртүрлі жұмыстардың үлгілері мен шешімдерін көре отырып, оларды өз шығармашылығында қолдануға тырысады (балалар жаңа нәрсені тез қабылдайды); екіншіден, көрмеде паспарту, жақтаумен әшекейленіп, қабырғаға ілінген жұмыс шкаф сөресінде жатқан жұмыстардан мүлдем басқаша көрінеді. Көрмедегі жұмыстар салтанатты кешке сәнденіп шыққан адам тәрізді. Балалар өздері және құрдастары жасаған жұмыстарға орындалған тапсырма деп емес, өнер туындысы ретінде қарайды. Олар оқушы емес, көрермен және өнерді бағалаушыларға айналады. Көрмелер әртүрлі болады: есеп беру, тақырыптық, белгілі бір шараға байланысты, байқау қорытындысы, жанрлық (портрет, пейзаж, натюрморт), бейнелеу өнерінің түрлері бойынша (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін өнері). Мұғалімдер мен ата-аналарды, тіпті жергілікті баспасөзді шақырып үнемі вернисаж өткізіп тұру қажет. Келушілер өздерінің тілектерін қалдыра алатын пікір жазатын кітап болу керек.

Мұндай көрмелер ата-аналардың да эстетикалық деңгейін арттырады. Олар да көрерменге айналып, балалары жасаған жұмыстарды түсініп, бағалауға үйренеді.

Көрмені мектепте, ата-аналары қызмет ететін жерлерде, түрлі ұйымдар мен көрме залдарында өткізуге болады.

4-қосымша

«Көркем еңбек» сабағына дайындалуға қажет болуы мүмкін өлеңдер мен тақпақтар.

1-тақырып

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Сурет сала білемін

— Былай сал, — деп, — суретті,
Ағам мені үйретті.
Күн артынан күн өтті,
Сала бердім суретті.
Бәрін де өзім ұнаттым,
Бірде ініме сынаттым.
Сиыр салсам: — Шошқа! — деп,
Өзін салсам: — Басқа! — деп,
Айтты сынын, саспады,
Күліп, жыртып тастады.
Ал сол інім бір күні
Салғанымда түлкіні,
Деді: — Мұның ұнады,
Әдемі екен құлағы.
Мен күлімдей қарадым —
Ішім жылып барады.

Ж. Кәрбозин

Мен кішкентай баламын

Мен кішкентай баламын,
Айтқан тілді аламын.
Апам нанға кеткенде,
Үйде ойнап қаламын ...
Шкафтарды ашпаймын,
Кітаптарды шашпаймын.
Текшелерден үй жасап,
Қызық ойын бастаймын.
Қарындашты аламын,
Қағазға сурет саламын.
Қарғаны салсам, қарқылдап,
Мазасын алар ананың,
Онан да мысық салайын,
Шашылып жатыр талай ұн.
Қапты тескен тышқанның
Мысығым берсін сазайын.

Ө. Тұрманжанов

Кішкентай суретші

Алма, өрікті баулар тұр
Жаудырай қарап жан-жақтан,
Қапсағай бойлы таулар тұр,
Қабағын сілкіп қар қатқан.

Атылып асқар биіктен
Бұлақтар жатыр өкіріп.
Тулайды толқын-киіктер
Тастардан тасқа секіріп.

Биікте Күнмен бір тұрып,
Қарайды төмен шық үстен.
Ойнайды алуан құлпырып,
Табиғат жанып мың түспен.

Осының бәрін ерінбей,
Сыйғызған парақ қағазға,
Не дейсің енді өрімдей
Суретші мынау сабазға.

С. Мәуленов

Жұмбақтар

Көреді бәрін өзгенің,
Көре алмайды өздерін.

(Көз)

Мөлдіреп екі көл жатыр,
Ортада дөңес бел жатыр.

(Мұрын мен көз)

Сөз ұққыш –
Қос тұтқыш.

(Кұлақ)

Бірде төмен, бірде шығып жоғары
Сөз сөйлесең, қозғалыста болады.

(Тіл)

Екі атым бар тынбайтын,
Өзімді ғана тыңдайтын.

(Екі аяқ)

Қатар өскен дос құсап,
Екі жақта қос бұтақ.
Әрқайсысында
Бірі қысқа
Бірі ұзын
Бес бұтақ.

(Қол мен саусақтар)

Дөңнің сыртқы қабаты –
Қарлығаштың қанаты.

(Қас)

Өзіңмен бірге өседі,
Өзіңмен бірге төсегі.
Көргенде оны жіп дейсің.
Бірақ киім тікпейсің.

(Шаш)

2-тақырып

МЕНИҢ МЕКТЕБИМ

А – деген ол – аналар ғой ардақты,
Ә – деген ол – әкелер ғой салмақты,
Б – деген ол – балалар ғой әдемі,
Біздің елде үшеуі де кәделі.

* * *

«Н» әрпі ас біткеннің анасы,
Қасиетті нан осы.
Қайсы әріптен басталған
Соңғы әрпіне қарашы.

* * *

«Үшті» салып көр сен,
«З» болады сенсең!

* * *

Қырын тұрған күйдегі,
«Ә» – қолжуғыш үйдегі.

* * *

Ерекше боп байқалды,
«Ф» әрпі көзіме!
Ұқсайды деп айтамын,
Бантик таққан өзіме.

* * *

Елестеткен турникті,
«П» шынымен көрнекті!

* * *

Ірімшікті жедің ғой,
Тәтті екен дедің ғой.
Оның аты біз жазған,
Қайсы әріптен басталған?

Санамақтар

Бір

Бір
Піл,
Бір
Зіл,
Бір
Құр,

Бір
Шіл,
Бір
Ұл ...
Біл,
Бұл –
Кіл
Бір!

Екі

Екі қолым ел үшін де алысса,
Екі аяғым жеткізеді алысқа! ..

Үш

«Атам, әжем және мен!»
Болса есепке талабың,
Айта қойшы,
Кәне, мен
Неше адамды санадым?..

«Әкем, шешем және мен!»
Болса есепке талабың,
Айта қойшы,
Кәне, мен
Неше адамды санадым?..

«Ағам, інім және мен!»
Болса есепке талабың,
Айта қойшы,
Кәне, мен
Неше адамды санадым?..

«Әпкем, сіңлім және мен!»
Болса есепке талабың,
Айта қойшы,
Кәне, мен
Неше адамды санадым?..

Төрт

Батыс пенен Солтүстік,
Шығыс пенен Оңтүстік –
Әлемнің төрт бағдары, ұқ,
Қалма жолда дағдарып! ..

Бес

Бас бармақ, қойды баға ғой,
Сұқ саусақ, шөпті шаба ғой,
Орган қол, суға бара ғой,
Аты жоқ қолға жұмыс жоқ,
Шынашак, ұйықтап қала ғой!..

Б. Қошым-Ноғай

3-тақырып

МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

Әжем және мен

Сонау бала кезімде,
Балғын ғана кезімде,
Әжемнің ән-әлдин
Тыңдайтыным есімде ...

Сонау бала кезімде,
Күн күлімдеп көзінде,
Өрмек тоқып, әжемнің
Тынбайтыны есімде.

Сонау бала кезімде,
Қыстың ұзақ кешінде
Ертегісін әжемнің
Тыңдайтыным есімде.

А. Асылбек

Ақ мамам

Ел жатқанда жатпаған,
Мен деп тыным таппаған,
Бақыты үшін баланың
Аман-сау бол, ақ мамам.

Күлімдеген көзіңнен
Күн мейірімі сезілген.
Бұл жалғанда балаға
Жақын жан жоқ өзіңнен.

Өзің маған мият күн,
Сен деп таңым жиі атты,
Ақ мамамның айқайы
«Айналайын» сияқты ...

Ә. Дүйсенбиев

4-тақырып

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

Түрлі түсті бояулар

Түрлі түсті бояуларды білемін,
Ажыратам көгін,
Сұрын,
Күреңін ...
Тас көмірдің түсі шымқай ҚАП-ҚАРА,
Сурет салам бормен қара тақтаға.
Қаңтардағы қардың түсі АППАҚ тым,
Ал гүлдері САП-САРЫ ғой бақбақтың.
Жыл құстары қиқу салса көктем кеп,
Бұлттан ада ашық аспан КӨКПЕҢБЕК.

ЖАП-ЖАСЫЛ боп қанат жайса жапырақ,
ЖАП-ЖАСЫЛ боп шығады бар атырап.
ҚЫП-ҚЫЗЫЛ ғой даладағы қызғалдақ,
ҚЫП-ҚЫЗЫЛ боп жүрем мен де ызғарда.
Биылғы жыл қоңыр күз де ҚОП-ҚОҢЫР
Қозыларға кенет толып кетті өңір.
Түрлі түсті бояуларды білемін ...
Ажыратам ашық,
Күңгірт,
Күреңін.
Тіпті олардан қоспа жасап аламын,
Сан алуан суреттерді саламын ...

Көктем бояулары

Қарындашты,
Дәптерді
Сақадай ғып сайладым.
Суретін мен көктемнің
Салмақшы боп ойладым.
Мынау қоңыр –
Жер беті,
Мынау жасыл –
Шыбықтар,
Көгілдір –
Көк келбеті,
Ал мына сұр –
Бұлттар.

Қара бояу –
Тау мұным.

Апа, мұнда бір қара:
Бейне әжемнің жаулығы,
Жатыр ақ қар шыңда да.
Міне, нұрлы көктем бұл,
Өкінішім бірақ та:
Тұрмын енді
Мөп-мөлдір
Бояу таппай бұлаққа!..

Кемпірқосақ

Жеті түсті қарындаш —
Тату-тәтті қарындас
Күні бойы болдырып,
Ұзақ-ұзақ жол жүріп,
Көлге бірге барыпты,
Қол ұстасып алыпты ...

Күн еді бір жауынды,
Артқа тастап ауылды,
Жетеуінің жолымен
Мен де жүріп көріп ем,
Байқадым бір қызықты:
КЕМПІРҚОСАҚ сызыпты!..

Б. Қошым-Ноғай

Көктем қайдан алады?

Папам менің ойланып,
Боямақ боп қақпаны:
Ақтарды да қойманы,
Бір құты сыр таппады.

Жап-жасыл ғып бояды,
Бүкіл орман, даланы:
Соншама мол бояуды
Көктем қайдан алады?!

М. Жаманбалинов

Сары бояу

Сипап өткен самалға
Тербеледі сары алма.
Шолып едім бақшаны,
Қауын біткен сап-сары.

Көрінеді шалғайдан
Бел-белестер сарғайған

Сары жапырақ төгілген
Тоғайды да көрдім мен.
Жарқыраған,
Жайнаған
Сары бояу айналам.

Жарқын күздің бояуы
Дәл осындай болады.

Қ. Баянбай

Көбелек

Ақ қанатты көбелек,
Көк қанатты көбелек,
Қызыл қанат көбелек,
Бақшамызға келе кет.

Көбелек-ау, көбелек,
Бақшамызға келе кет!
Гүлдер, гүлдер көктесін,
Көбелектер көп келсін.

Ақ қанатты көбелек
Бақшамыздан кетпесін.
Көбелек-ау, көбелек,
Бақшамызға келе кет!

Ж. Смақов

Түрлі түстер

Қызыл, жасыл, көк ...
Түрлі түстер көп.

Аппақ түсім – сүт,
Бозғылт түсім – бұлт.

Жасыл бояу – шөп,
Сары бояу – сөк.

Қара түсім – қас,
Сұрғылт түсім – тас.

Мөлдір бояу – су,
Көкшіл – біздің ту!

Е. Өтетілеуұлы

Төрт түсті жер үсті

Алқап бар —
Аппақ қар.
Тым сұсты
Қыс түсті —
Ақ түсті
Жер үсті.

Көл, бел, қыр —
Көгілдір.
Шықты дүр
Көктем-гүл —
Көк түсті
Жер үсті.
Жалын — жон,
Жасыл дөң.
Көлде — қаз,
Келді жаз —
От түсті
Жер үсті.

Жаңбыр, қак,
Қоңыр бақ.
Тұлдыр түз —
Түсті күз —
Тот түсті
Жер үсті.
Ақ түсті,
КӨК түсті,
От түсті —
ТОТ түсті,
Төрт түсті,
Жер үсті.

Е. Өтетілеуұлы

5-тақырып

САЯХАТ

Саяхатшылар әні

Ал, келіндер, ат-арбаны жегейік,
Ал, келіндер, сайрандап біз келейік.
Барайық біз орман, тауға, көлге де,
Дөңгелектер, дөңгелектер, дөңгеле!

Ал, келіндер, машинаға мінейік,
Сайрандайық, ән салайық, күлейік.
Барайық біз орман, тауға, көлге де,
Дөңгелектер, дөңгелектер, дөңгеле!

Жүйткі, пойыз, вагондарың теңселіп,
Күндіз жүрсек, түнде жүрсек, ән серік.
Барайық біз орман, тауға, көлге де,
Дөңгелектер, дөңгелектер, дөңгеле!

Ал, жүріндер, қолға таяқ алыңдар,
Бәрінен де жаяу жақсы адымдар.
Туған жерді аралап бір келіндер,
Туған жердің тамашасын көріндер.

Ж. Смақов

Алатау

Алатаудың басына
Күмбез болып қонды ай.
Нұрын төгіп тасына,
Сабырменен тұрды жай.

Алатауым әдемі,
Алматыма алқадай.
Айы арнап әдейі
Атам жаққан лампадай.

Қанат беред Алатау
Қиялыма қияқты,
Қиялым да биік-ау
Алатауым сияқты.

Ө. Тұрманжанов

Құлпыра берші, кең дала

Құлпыра берші, кең дала,
Гүлінді күнде терейін.
Жапырағыңмен жасыршы,
Қойныңа мен енейін.

Жасауынды жайнатып,
Алдыма тегіс үйейін.
Нәрестедей балдырған
Қуанып сақ-сақ күлейін.

Гүлінді құшып күн сайын,
Кең бақшанда жүрейін.
Қанбағандай құмарым,
Тағы да сақ-сақ күлейін.

Ж. Саин

Туған жер

Құлпырды қыр көктем кеп,
Құстар әнге салады.
Қызғалдақтар неткен көп,
Көмкеріпті даланы!

Алтын нұры шашырап,
Шуаққа Күн бөледі.
Сіңлімді ергіп қасыма,
Қырды кезіп келемін.

Тердім гүлін ерінбей,
Қызықтан құр қалам ба?!
Бар ма туған жерімдей
Әсем өлке ғаламда?!

Б. Қошым-Ноғай

Саяхатшы сан жәндік ...

Екі бала өзен ғып,
От басындай жерді ойды.
Екі жағын кезең ғып,
«Су аспас», – деп бір қойды.
Ойпатын суға толтырып,
Көл жасады көк теңіз.
– Қызық қой, – деді, – отырып,
Бұл теңізбен жүзсеңіз...

Жұқа-жұқа жанқадан
Жасады қайық желқомдап,
Арманға жетпек аңсаған
Желге бетін қойды оңдап.

Құрт-құмырсқа мінгізді,
«Саяхатқа барсын» – деп,
Мен қылған шөл, түзді,
Теңізде деп алсын», – деп.
«Сапар оң!» – деп жел тұрып,
Айдап кетті қайықты.

Шөл жәндігі бір жүзіп,
Қызықтады жайықты.

Апта жүріп, ай жүріп,
Мекеніне оралды,
Қарсы беттен жел тұрып,
Қайтуына қолайлы.

Саяхатшы сан жәндік,
Сағыныпты мекенін.
Аңсасаң жерін сағынып,
Білерсің мекен не екенін!

Ө. Тұрманжанов

6-тақырып

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Наурыз

Өніп еккен дәніміз,
Бүршік жарды бағымыз.
Сәскеде – жаз,
Түнде – қыс
Секілді екен наурыз.

Төлдеп жатыр малымыз,
Қазан толы сары уыз.
Сүті көп те,
Көмірі аз
Болады ғой наурыз.

Жайдарымыз бәріміз,
Дастарқанда дәміміз.
Көжесі көп,
Қыры көк,
Қандай жақсы наурыз!

Қ. Баянбай

7-тақырып

ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН

Ақ бидай

Кең далада көсілген
Теңіз толқып жатқандай,
Жауын жуып, күн сүйген
Егін нұрға батқандай,
Баптап оны өсірген
Дикан ісі мәрт қандай!
Тұл жер бүгін түрленді,
Тұр жайқалып ақ бидай,
Төресіндей гүлдердің —
Тұр ғажайып ақ бидай.
Асырайтын күллі елді
Біздің байлық — ақ бидай!

Е. Өтетілеуұлы

Сүт ішсең...

Ыстық-ыстық сүт ішсең,
Дәмі кетпес таңдайдан,
Бой жадырап кенеттен,
Буы шығар маңдайдан.

«Ағарған», — деп, «Ақ дәм», — деп,
Аналар төгіп-шашпайды.
Сүт төгілсе: «Обал», — деп,
Аяғымен баспайды.

Сүт ішсең үзбей жасыннан,
Қуатыңды сақтайды.
«Сүттей жоқ, — деп, — асыл дәм!»
Бар адамзат мақтайды.

Ө. Тұрманжанов

Көк қарбыз

— Балам, тиме бұларға,
Қарбыз әлі көк, — деді.
Бірақ бала шыдар ма?
Бақша жаққа беттеді.

Атасына көнбеді,
Тойдырды әбден қарынды.

Ол бақшаға келгелі
Талай қарбыз жарылды.

Соға берді балпиып,
Жүргендей-ақ дәм сызбай.
...Қарны кепті қампиып,
Өзі жеген қарбыздай.

Ж. Қарбозин

Тәттіні жегенде

Аппақ тісі Болаттың
Болатұғын балғадай.
Күні бойы соғатын
Тәттілерді талғамай.

Қарайтын ел қызығып
Қайран тісі ғажайып
Шіріп,
Сынып,
Мүжіліп,
Барады тым азайып.

Күткен емес тап мұны,
Өкініші күшті оның:
Ол жегенде тәттіні,
Тәтті жепті тістерін.

Қ. Баянбай

8-тақырып

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Секірмек

Көк өскен айнала,
Көңілді қайда да.
Секірмек ойнап жүр
Балалар аулада.
Әдіспен не қилы
Айнымай секірді.
Қарасаң сыртынан,
Серіппе секілді.

Қ. Баянбай

Сырғанақ

Жасап қардан сырғанақ,
Астымда шанам сырғанап,
Құламадан құлдырап,
Ағып барам зымырап.

Ей, бөгеме, жолды аш!
Бол, тез, асық, шапшаң бас.
Келіп қалдым зымырап,
Ал басамын, аулақ қаш!

Ғ. Орманов

«Қақпашы»

Досбол бізге мақтана:
— Қақпашымын мен! — дейді. —
Мен тұрғанда,
Қақпаға
Бірде-бір доп енбейді!..

— Көр қақпаға бір тұрып! —
Дедім мен де.
— Жарайды!..
Досбол допқа ұмтылып,
Алақ-жұлақ қарайды...

Ә дегенде-ақ қақпаның
Бір бұрышын көздегем.
Бірақ олай соқпадым,
Жалт бұрылдым лезде мен.

... Добым торда тулады,
«Қақпашым» тұр аңырып.
— Гол! — деп,
Ұлдар шулады,
Қалды Досбол қамығып.

Кенет уәж тапқан-ды ...
Кенеп қойып ол даусын:
— Қорғайтұғын қақпамды
Жоқ қой, — деді, қорғаушым!..

Б. Қошым-Ноғай

Ойнай-ойнай шынықтық

Қаздық білек сыбанып,
Қоға жайдан буылдық,
Қолға түссе қуанып,
Қабығымен қуырдық.

Ақ қайраңға аунадық,
Ақ балықты аулады,
Бастап бізді балалық,
Кетті орманға, тауға алып.

Алау жақтық бауларда,
Қада қақтық тауларға.
Қиқуласып құладық
Құлыншақтай аңғарға.

Табиғатта тынықтық,
Талай-талай сыр ұқтық,
Бала кезден батыл боп,
Ойнай-ойнай шынықтық.

С. Мәуленов

Жасырынбақ

Шенбер құрып тұрамыз,
Сөзге мойын бұрамыз.
Кімді түртсе соңынан,
Саптан дереу шығамыз.

Шенбер құрып тұрамыз,
Сөзге мойын бұрамыз.
Ең соңында қалса кім,
Көзді дереу жұмамыз!..

Б. Қошым-Ноғай

1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА НЕНІ БІЛІП, ҮЙРЕНУЛЕРІ КЕРЕК:

Балалар жылдың соңында:

пішін дегеніміз не, ол қалай жасалады және қандай болады;
сызық дегеніміз не, ол қалай жасалады және қандай болады;
композиция дегеніміз не;
өлшем және пішім дегеніміз не, олар қандай болады;
бейненің өлшем және пішіммен байланысы;
күнбағыс қандай түстерден тұрады, негізгі және құрама түстер қандай болады;
құрама түстер қандай түстерден тұрады;
жылы және суық түстер дегеніміз не;
салт-дәстүр дегеніміз не, оған не жатады;
портрет дегеніміз не;
пейзаж дегеніміз не;
натюрморт дегеніміз не екенін
білуі тиіс.

Балалар жылдың соңында:

ермексаз, полимерлі сазбалшықпен;
жасанды және табиғи материалдармен;
акварель, гуашь, жай және түрлі түсті қарындаш, фломастерлермен
жұмыс істей алуы тиіс;
акварель, гуашь, қарындаш, фломастермен сурет салып;
бедерлі және көлемді бейнелер;
апликация, коллаж;
қарапайым ою-өрнектер;
оригами және ашық хаттар;
портрет, пейзаж, натюрморт, адам денесінің композициясын (оқулықтағы міндеттерге сәйкес).
жасай алуы тиіс;
жаңа терминдер мен ұғымдарды пайдаланып, бағдарлама тақырыбы бойынша ойлары мен идеяларын;
әскерлегіш құралдарды пайдаланып, тақырып бойынша өз ойлары мен идеяларын
көрсете алуы тиіс;
жыл бойы меңгерген білімдерін пайдаланып өнер туындыларын
суреттей алуы тиіс.
жұмысын таныстырып, талдап, бағалай алуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Агамирян Ж. С.* Детская картинная галерея. – М., 1979.
2. *Алехин. А. Д.* Когда начинается художник. – М., 1994.
3. Альбомы из серии «Рисуют дети мира. Казахстан».
4. *Амонашвили Ш. А.* Здравствуйте, дети. – М., 1983.
5. *Байжігітов Б.* Бейнелеу өнерінің теориялық мәселесі. – Ақтөбе, 2003.
6. *Бакушинский А. Б.* О задачах и методах воспитания. – М., 1988.
7. *Барб-Галль Ф.* Как говорить с детьми об искусстве. – М.: Арка, 2012.
8. *Берри Барбара Дайан.* Рисуйте свободно! М.: Манн, Иванов и Фербер, 2014.
9. *Бренифье О.* Что такое красота и искусство? М.: Клевер-Медиа-Групп, 2012.
10. *Выготский Л. С.* Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991.
11. *Герчук Ю. Я.* Живые вещи. М., 1977.
12. *Герчук Ю. Я.* Что такое орнамент? Структура и смысл орнаментального образа. М.: Галарт, 1998.
13. *Жәнібеков О.* Қазақ киімі. Алматы. «Өнер», 1996.
14. *Дубровская Н.* Поделки из природных материалов. М.: Астрель, 2010.
15. *Дубровская Н.* Оригинальные поделки из бумаги и природных материалов. М.: Астрель, 2012.
16. Изобразительное искусство Казахстана на рубеже веков. Каталог. Алматы: Художественная галерея «ОЮ», 2002.
17. Изобразительное искусство Казахстана. Грани реализма. Каталог. Алматы: Художественная галерея «ОЮ», 2004.
18. Иллюстрированный атлас мира. М.: Белый город, 1998.
19. *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Атамұра, 2010.
20. *Құнанбай А.* Қазақстанның рухы. Нью-Йорк: Истен Пресс, 2001.
21. *Левин С.* Ваш ребенок рисует. – М., 1979.
22. *Ллимос А.* Бумага. Чудесные поделки. М.: КСД, 2006.
23. *Ллимос А.* Природные материалы. Чудесные поделки. М.: КСД, 2006.
24. *Мосин И. Г.* Учебное пособие по рисованию для педагогов, воспитателей, родителей в 2-х частях. – Екатеринбург, 2000.
25. *Никулина О. Р.* Природа глазами художника. – М., 1982.
26. *Орен Р.* Секреты пластилина. М.: Махаон, 2014.
27. *Претте М. К., Копальдо А.* Творчество и выражение. – М., 1985. Выпуски 1, 2.
28. *Пузанова Н.* В городе тысячи радуг. – Алма-Ата: Онер, 1990.
29. *Стасевич В.* Искусство портрета. М.: Просвещение, 1974.
30. *Тойбнер А.* Прикольные поделки из цветной бумаги. М.: АСТ, 2010.
31. *Төлебиев Ә. Т.* Сурет сала білесің бе? – Алматы, 1989.
32. *Уотт Ф.* Академия детского творчества. 365 поделок из бумаги и картона. М.: Робинс, 2012.
33. *Черняева А.* Материалы для творчества своими руками. М.: Феникс, 2015.

МАЗМҰНЫ

«Көркем еңбек» пәнінің бағдарламалық міндеттері мен олардың ОӘК шешімін табуы.....	3
«Көркем еңбек» оқулығының мазмұны мен құрылымы.....	5
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар	7
Қосымшалар	48
1-сынып оқушылары жылдың соңында нені біліп, үйренулері керек.....	68
Әдебиеттер тізімі	69

Оқу-әдістемелік басылым

Раупова Надежда Алимовна

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Оқыту әдістемесі

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

Редакторы *Н. Бекхожаева*
Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Ү. Бахова*
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ №129

Теруге 21.04.2016 жіберілді. Басуға 28.07.2016 қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Әріп түрі «NewtonKza». Шартты баспа табағы 7,56. Есептік баспа табағы 5,49. Таралымы 6000. Тапсырыс № 1658.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.